

МЕРЕКЕ

ЕЛДІГІМІЗДІҢ СИМВОЛЫ

Бүгін – Ұлттық валюта күні!

6-7

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №97 (6548) 15 қараша, жұма, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

Дүниежүзілік климат:

ӘЛЕМ КӨШБАСШЫЛАРЫ САММИТІ

Табиғаттың өзгеруіне қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор

Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына қосылушы тараптардың 29-шы конференциясы аясында Бакуде климат саласындағы іс-қимыл жөніндегі әлем көшбасшыларының саммиті өтті.

Әлем көшбасшылары бас қосқан алқалы жиынға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та қатысты. Пленарлық сессияның ашылуынан кейінгі алғашқы сөз Қазақ Елінің көшбасшысына берілді. Мемлекет басшысы, ең алдымен, Қазақстан жаһандық климат күн тәртібін қолдайтынын растап, табиғаттың өзгеруіне қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор екенін атап өтіп, еліміздің 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөнінде биік мақсат қойғанын еске салды.

2



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ЗАҢДЫ ҚАТАҢДАТПАЙ, ТӘРТІП ОРНАМАЙДЫ

10

ЭКОНОМИКА

ИНВЕСТИЦИЯҒА ҚОЛАЙЛЫ МЕКЕН

Мегаполисте іскерлік белсенділік артып келеді

12

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖОЛАУШЫ!

Шаһарда 8 жаңа қала маңындағы маршрут іске қосылады

Мегаполисті агломерациямен байланыстыратын көлік қатынасын жақсарту мақсатында Алматыда қала маңындағы жаңа маршруттар ашылып жатыр. Алматы қалалық Мобильділік басқармасы Еңбекшіқазак, Іле, Қарасай және Жамбыл ауданындағы елді мекендерді қамтитын 8 жаңа маршрут ұйымдастырды.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

13 қарашадан бастап тасымалдаушы «Нұр-жасТранс» ЖШС №218, 238, 246, 248, 250, 255 маршруттарына қызмет көрсетуге кірісті. «Төле би/Ясауи автобекеті – А.Токпанов ауылы» бағыты бойынша №218 маршрутта 5 автобус жүреді. Қозғалыс сағат 5.30-да басталып, 23.00-де аяқталады. «Төле би/Ясауи автобекеті – Көктөбе ауылы» бағыты бойынша №238 маршрутта 3 автобус жүреді. Қозғалыстың басталуы – 5.30, аяқталуы – 23.00. «Барлық базары – Кемертоған ауылы» бағыты бойынша №246 маршрутта 3 автобус жүреді. Қозғалыстың басталуы – 5.30, аяқталуы – 23.00. «Барлық базары – Шолаққарғалы ауылы» бағыты бойынша №248 маршрутта 2 автобус жүреді. Қозғалыстың басталуы – 6.00, аяқталуы – 22.00. «Мамыр-7» шағынауданы – Қырғайылды ауылы» бағыты бойынша №250 маршрутта 2 автобус жүреді. Қозғалыстың басталуы – 5.30, аяқталуы – 23.00. «Алматы-1

теміржол вокзалы – Жауғашты ауылы» бағыты бойынша №255 маршрутта 2 автобус жүреді. Қозғалыстың басталуы – 5.30, аяқталуы – 23.00. Сонымен қатар, 11 қарашадан бастап «Жас Транс» ЖШС-не №241 және №242 маршруттары берілді. «Жетісу базары – Қойшыбек ауылы» бағыты бойынша №241 маршрутта 3 автобус жүреді. Қозғалыстың басталуы – 6.00, аяқталуы – 22.00. «Жетісу базары – Базаркелді ауылы» бағыты бойынша №242 маршрутта 3 автобус жүреді. Қозғалыстың басталуы – 6.00, аяқталуы – 22.00. Айта кету керек, жолаушылар мен жүкті автокөлікпен тасымалдау ережесіне сәйкес, аталған маршруттар байқау өткізілгенге дейін тасымалдаушыларға уақытша беріліп, сынақ режимінде жұмыс істейді.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

15.11.2024

Түнде: -3-5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

Күндіз: +2+4 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

16.11.2024

Түнде: -2-4 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

Күндіз: +5+7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

17.11.2024

Түнде: -1+1 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +7+9 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



Дүниежүзілік климат:

ӘЛЕМ КӨШБАСШЫЛАРЫ САММИТІ

Табиғаттың өзгеруіне қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор

(Басы 1-бетте)

ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕУЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл міндетті орындау үшін нақты қаржыландыру көздері мен заманауи технологияларға арқа сүйейтінін айтты. Сондай-ақ, «Климаттық қаржыландыру бойынша жаңа ұжымдық мақсат» (NCQG) аясында табиғат өзгерістеріне осал аймақтарға, әсіресе, теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдерге айрықша мән берілуі қажеттігіне тоқталды.

– Әлемдегі зиянды шығарындылардың 1 пайызы ғана Орталық Азия елдеріне тиесілі. Созан қарамастан, бұл аймақ көптеген климаттық қатерге ұшырап отыр. Табиғаттағы өзгерістерге қарай әрекет ету шараларының тиімділігін арттыру үшін біз жасанды интеллект, жерсерік арқылы мониторингтің озық технологияларын, қауіпті алдын ала ескертетін, су және жер ресурстарын анағұрлым тиімді басқаратын басқа да цифрлық құралдарды белсенді қолдануға тиіспіз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға көшу маңызды екенін жеткізді. Қазақстан «көміртекті егіншілікке», яғни ауаға таралатын парниктік газдардың мөлшерін азайту және топырақты құнарландыру арқылы ауыл шаруашылығын жүргізу әдістерін енгізуге қай жағынан да қолайлы мемлекет. Бұған еліміздегі ауыл шаруашылығына жарамды 200 миллион гектар жер мүмкіндік береді. Президент қызығушылық танытқан тараптарды Қазақстанның осы саладағы әлеуетін зерттеуге шақырды.

– Еліміз әлемдік уран жеткізу ісінің 43 пайызын қамтамасыз етеді және көміртегі мөлшері төмен қуат көзі саналатын ядролық энергетиканы дамытуда маңызды рөл атқарады. Биыл қазан айында өткен жалпыұлттық референдумда халқымыздың басым бөлігі Қазақстанда атом электр станциясын салуды қолдады. Біз осы саладағы жетекші технологиялық алпауыттармен серіктесе отырып, аталған жобаның қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге ұмтыламыз, – деді Мемлекет басшысы.

ҚАЗАҚСТАН–ФРАНЦИЯ: ONE WATER SAMMITI

Қасым-Жомарт Тоқаев дүние жүзіндегі су ресурстарына қатысты проблемаға тоқталды.

– Климаттың өзгеруі жаһандық су цикліне әсер етіп отыр. Әлемдегі табиғат апаттарының 80 пайыздан астамы су төңірегінде орын алады. Биыл біздің еліміз бұрын-соңды болмаған алапат су тасқынымен бетпе-бет келді. Келешекте осындай төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет етіп, одан кейінгі қайта қалпына келтіру жұмыстарын тез атқару үшін қауіп-қатерді басқарудың кешенді жүйесін енгіземіз. Су мәселесіне жаһан назарын аудару мақса-

тында биыл желтоқсан айында Франциямен бірлесіп One Water саммитін өткіземіз. Форумға қатысушылар су ресурстарын жаһандық деңгейде басқару мәселелерін талқылайды. Бүгінде Каспий теңізіне қауіп төніп тұр. Әлемдегі ең үлкен көлді құтқару – баршаға ортақ міндет әрі бұл ұзақмерзімді халықаралық ынтымақтастықты талап етеді. Осы орайда Президент Ильхам Әлиевтің Каспий маңы мемлекеттерінің сарапшылар тобын құру туралы ұсынысын қолдаймыз. Сонымен қатар, Қазақстан Арал теңізін құтқару үшін нақты шаралар қабылдап жатыр, – деді Президент.

ТҮРКИЯ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ ІРІ БЕС САУДА СЕРІКТЕСІНІҢ БІРІ

Саммит аясында Мемлекет басшысы Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен кездесті. Президент бауырлас ел көшбасшысымен Баку төрінде кездесіп отырғанына қуанышты екенін жеткізіп, биыл Қазақстан мен Түркия арасындағы Достық және ынтымақтастық туралы келісімге 30 жыл толғанын атап өтті.

– Қазір де бауырластық қарым-қатынасымыз қарқынды дамып жатыр. Саяси деңгейде сындарлы диалог бар. Үкіметтеріміздің ынтымақтастығы артып келеді. Түркия – Қазақстанның ең ірі бес сауда серіктесінің бірі. Былтыр екіжақты сауда-саттық 6 миллиард долларға жетті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Президент Түркияның Қазақстан экономикасына мол қаржы құйған негізгі инвесторлардың қатарында екеніне назар аударып, түрік бизнесмендерінің қатысуымен жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар жеке бақылауында болатынын мәлімдеді.

Өз кезегінде Режеп Тайип Ердоған Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынас стратегиялық сипатта дамып келе жатқанын атап өтіп, екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығын одан әрі жандандыру үшін мол әлеует бар екенін айтты.

– Қадірлі бауырым, келесі жылы Анкарада өтетін Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 5-ші отырысы барысында ауыл шаруашылығы, қорғаныс, энергетика, көлік-логистика, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық салаларда маңызды келісімдерге қол жеткізетінімізге сенімдімін. Біз Қазақстанмен арадағы сауда айналымын 15 миллиард долларға дейін арттыруға ұмтыламыз, – деді Түркия Президенті.

Бұл ретте Режеп Тайип Ердоған түрік компаниялары Қазақстан экономикасының әртүрлі секторында табысты жұмыс істеп жатқанына тоқталды. Оның айтуынша, түрік бизнесмендері Қазақстандағы ауыл шаруа-

шылығы саласының әлеуетін игеру, АЭС салу және мұнай-газ тасымалы бағытында тәжірибе бөлісіп, өзара тиімді серіктестік құруға дайын.

Бұдан бөлек, мемлекеттер басшылары халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, көпжақты құрылымдар аясында бір-біріне қолдау көрсету жөнінде уағдаласты.

ҮШЖАҚТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

СОР29 Дүниежүзілік климат саммитінің аясында Қазақстан, Әзербайжан және Өзбекстан президенттері үш елдің энергетикалық жүйесін интеграциялау жөніндегі стратегиялық келісімге қол қойды.

Мемлекеттер басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев, Ильхам Әлиев пен Шавкат Мирзиёев Қазақстан Республикасы, Әзербайжан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойды.

Қазақ көшбасшысы бүгінгі айтулы оқиға орнықты дамуға ортақ ұмтылыс тарихының жаңа парағын ашқанын атап өтті.

– Стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қою – Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ өңірлерінің үшжақты ынтымақтастығын дамытудағы маңызды кезең. Құжат елдеріміздің энергетикалық жүйелерін интеграциялау, сондай-ақ Еуропа елдері мен басқа да нарықтарға экологиялық таза энергияны жеткізетін сенімді дәліздерді қалыптастыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Мұнда Қазақстан ірі транзит аумағы ретінде үлкен рөл атқарады. Аталған келісімнің нақты нәтижелері үш елдің экономикаларын біріктіріп, Орта дәлізді «жасыл көпір» ретінде дамытуға ықпал етеді. Бұл маңызды саладағы тығыз ынтымақтастық мемлекеттер арасындағы тәжірибе мен озық технологияларды алмасуға серпін береді, сондай-ақ энергетикалық қауіпсіздігімізді нығайтуға септігін тигізеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, көміртегі бейтараптығына жетуді көздейтін Қазақстан үшін жасыл энергетика маңызды бағыт саналады.

– Біз қазба байлықтарға тәуелділікті азайтуға белсенді түрде кірістік. Технологиялық инновацияларды дамытып, экологиялық орнықты өркендеуге демеу болатын инфрақұрылым құруға бет бұрдық. Қазақстан иетелдік серіктестермен жалпы қуаты 43 ГВт болатын «жасыл» жобаларды жүзеге асыру жөнінде уағдаластыққа қол жеткізді, – деді Мемлекет басшысы.

Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев бүгінгі келісімдер үш мемлекет арасындағы

бауырластық қатынастар мен стратегиялық серіктестікті жаңа деңгейге шығаратынын атап өтті.

– Орталық Азия мен Кавказ өңірі көптеген мәселе бойынша, соның ішінде «жасыл» энергияны дамыту саласында бірлесіп әрекет етеді. Біз қайта жаңғыртылатын энергия көздері бағытында Қазақстан мен Өзбекстанның ауқымды жоспарлары мен қол жеткізген жетістіктері жайында жақсы білеміз, – деді Әзербайжан Президенті.

Өзбекстан Президентінің пікірінше, бүгінгі келісім экономикалық мақсатты ғана көздемейді, бұл – болашаққа қосылған ортақ үлес.

– Аталған жобаның экологиялық маңызын ерекше атап өткім келеді. Желден, күннен алынатын қуат климаттың жұмсаруына әсер етеді. Осы арқылы біз Париж келісімі аясында климатты қорғау жөнінде бірлескен күш-жігерге қолдау білдіріп, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге атсалысамыз, – деді Шавкат Мирзиёев.

Саммитте 80-нен астам мемлекеттің басшылары, халықаралық және өңірлік ұйымдардың жетекшілері сөз алды. Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ-ның негіздемелік конвенциясына қосылушы тараптардың 29-шы конференциясы аясында Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар елдердің делегация басшыларымен, жоғары лауазымды тұлғаларымен екіжақты маңызды кездесулер өткізді. Жүзdesулер барысында әртүрлі саладағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту перспективасы, жаһандық климаттың күн тәртібі, сондай-ақ халықаралық құрылымдар аясындағы ықпалдастық мәселелері талқыланды.

СОР29 Дүниежүзілік климат саммитінде Қазақстанның экспозициясы ұсынылды. Көрме еліміздің мәдениетін, инновациялық және экологиялық жобаларын паш етеді. Кеңістік табиғи материалдарды пайдалана отырып этностильде безендірілген. Осылайша ұйымдастырушылар халқымыздың дәстүрді берік сақтайтынын әрі экологиялық ұстанымды қолдайтынын көрсеткен. Еліміздің павильонында жасыл сүтегін өндіретін Hydrasia One болашақ зауытының макеті таныстырылды, отандық экологиялық өнімдер көрсетілді.

Көрме Қазақстанның биоалуантүрлілігі, сондай-ақ сирек кездесетін немесе жойылып кету қаупі төніп тұрған Тұран жолбарысы, Пржевальский жылқысы, киік және қар барысы секілді түз тағыларын қайта көбейту мақсатында елімізде қабылданған шаралар жөнінде мағлұмат береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz)



САРАПТАМА

«ҚАЗАҚ – ӨЗБЕК ТАНДЕМІ» + БАКУ

Эзербайжан астанасы Бакуде COP29 Дүниежүзілік климат саммиті ұйымдастырылды. Онда БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш бастаған әлем елдерінің көшбасшылары бас қосты. Халықаралық жиынға Қазақстанның атынан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Саммиттің ашылу салтанатында сөз сөйледі. Екіжақты және көпжақты кездесулер өткізді. Сол кездесулердің ішіндегі еліміз, жалпы Орталық Азия аймағы үшін маңызды кездесу өтті. Ол – Эзербайжан, Қазақстан және Өзбекстан басшыларының үшжақты кездесуі.

Жаңа формат, жаңа бағдар

• 13 қарашада Эзербайжан астанасы Бакуде өтіп жатқан халықаралық климат саммиті аясында бауырлас халықтар арасындағы маңызды кездесу өтті. Үшжақты кездесуге Эзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Жиынды Баку+«Қазақ-Өзбек тандемі» деп атасақ болады. Бауырлас мемлекеттер мұндай форматта алғаш рет кездесуде. Мұндай форматтағы кездесу Түркі елдері арасындағы қарым-қатынастың ғана емес, тұтас Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ аймақтары арасындағы байланыстың жаңа деңгейге көтерілгенінің нышаны. Тараптардың пікірінше, кездесу аясында қол қойылған келісімдер үш мемлекет арасындағы бауырластық қатынастар мен стратегиялық серіктестікті жаңа деңгейге шығармақ. Бұл құжаттардың ішіндегі ең маңыздысы – «Қазақстан Республикасы, Эзербайжан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық серіктестік туралы» келісім. Құжат экономикалық мақсатты ғана көздемейді, климат бойынша Париж келісімін жүзеге асыруда үш мемлекеттің күш-жігерін біріктірмек.



(Дереккөз-коллаж: kz.kursiv.media; бильд редактор: Ахтам Зинеров)

Бұдан бөлек, Қазақстанның Энергетика министрі Алмасадам Сәткалиев, Эзербайжанның Энергетика министрі Парвиз Шахбазов, Өзбекстанның Энергетика министрі Журабек Мирзамахмудов және Сауд Арабиясының Энергетика министрі Әбдел Әзиз бен Салман Әл Сауд Жасыл энергияны дамыту және беру саласындағы ынтымақтастық туралы атқарушы бағдарламаға қол қойды.

Климат өзгерісіне қарсы күрес – инвестиция көзі

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Қазақстанның жаһандық климат өзгерісіне қарсы жасалынып жатқан жұмыстарды қолдайтынын тағы да растады. Мемлекет басшысы бұған дейін өткен халықаралық жиындарда да мұны атап өткен болатын. Бұл тек сөз жүзінде қалған жоқ. 2023 жылы 2 ақпанда Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойды.

Стратегиялық құжаттың мақсаты 2060 жылы ауаны ластайтын көміртегіні мүлдем жоқ ету. 2030 жылға дейінгі орта мерзімді мақсат 1990 жылғы деңгейден 15%-ға төмендету. Осылайша 381,7-ден 324,4 млн тоннаға дейін азайту көзделуде.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы осы мақсатқа қол жеткізетін жолдарды атап өтті. Ол нақты қаржыландыру көздері және заманауи технологиялар. Қаржыландырудың астарында халықаралық қауымдастық пен ұйымдардан құйылатын инвестицияны меңзеп отыр. Мемлекет басшысы климаттың өзгерісіне күрес арқылы елімізге инвестиция тартуды көздейтін секілді. Ол үшін «Климаттық қаржыландыру бойынша жаңа ұжымдық мақсат» (NCQG) аясында табиғат өзгерістеріне осал аймақтарға, әсіресе, теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдерге айрықша мән берілуі қажеттігіне тоқталды. «Теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдер» сөздерінің астарында әрине бірінші кезекте Қазақстан тұр.

Баку үшін саммит несімен маңызды?

Эзербайжан COP29 Дүниежүзілік климат саммитін өткізуге аса мән берді. Тіпті, қараша айында өтуі тиіс болған Парламенттік сайлауды да ертерек өткізуге шешім қабылдады. Осылайша маңызды ішкі саяси науқан 1 қыркүйекте өтті.

Кезекті Дүниежүзілік климат саммитін Эзербайжанда өткізу туралы шешім 2023 жылы желтоқсанда қабылданған болатын. Бұл туралы Ильхам Әлиев саммиттің ашылу салтанатында сөз сөйлеу барысында айтты. «Баку үшін бұл саммитті өткізу несімен маңызды?» деген сұраққа жауапты Эзербайжан президентінің сөйлеген сөзінен табамыз. Оның сөздерін мұқият талдасақ, саммитті өткізудің басты мақсаты имидждік сипатта екенін көреміз. Сол имидждік шараның астарында әлем елдеріне Эзербайжан туралы ақпарат беру жатыр.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



Орта Азия: ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАР тұрақты өсімге қол жеткізудің кілті неде?

Қылышын сүйретіп қыс есік қаққан шақта, теңге бағамындағы теңселіс көпшіліктің көңіліне алаң салмай кетпеді. Оның үстіне жақында бюджет мәселесіне байланысты үкіметтің де өз қиыншылықтары бар екені мәлім болған. Жыл басынан бері азық-түлік бағасы жылжи басып жоғарылады. Соның бәрі жұрттың жұқалтаң қалтасына әсері бар болғандықтан, «ел экономикасының алдағы күні қалай болады?» деген күдікті сауал әркімнің көкейінде тұр. Дегенмен, Дональд Трамптың дубірінен кейін доллар бағамының долдануы бір ғана біздің елде болып жатпағанын ескерген жөн. Сол секілді, кейбір кейстер мен үмітті өзгерістер де тек бір ғана елге тиесілі емес.

Дүниежүзілік банк есебінше, Қазақстанды қамтыған аймақта экономикалық өсім бұрынғыдан көп баяулады, дегенмен салыстырмалы түрде тұрақты күйде. Осы ретте жалпы дамушы елдердің, тікелей Орталық Азия аймағының экономикалық жағдайы турасында әлеуметке аз-кем мәлімет жеткізе кетуді орынды деп санаймыз.

Жалпы экономикалық жағдай

Орта Азиядағы экономикалық ілгерілеудің жай-күйін Дүниежүзілік банк өткен айдың орта шенінде «баяу және тұрақты» деп бағалады. Бұл баға, әрине, салыстырмалы түрде айтылғанын түсіну керек. Яғни аймақ елдерінің экономикасы әлем елдерімен ұқсас дағдарыстан кейінгі кезеңді бастан кешіріп жатыр. Пандемиядан кейін ешбір елдің экономикалық өсім қарқыны бұрынғы деңгейіне жетіп үлгермеді. Логданнан кейін экономиканың баяу, бірақ тұрақты өсім көрсетуі көптеген дамушы елдерге ортақ құбылысқа айналды. Алайда, қазіргі баяу өсімнің деңгейі 2000 жылдардағы қарқынмен салыстырғанда, төмен күйде тұр.

Көпшілікке мәлім, экономикалық жағдайды сараптағанда халықаралық ұйымдар көбіне-көп Орталық Азияны Еуропамен қоса қарастырады. «Еуропа және Орталық Азияның дамушы экономикалары» деген атау біздің аймақ пен шығыс еуропалық елдерді қамтиды. Міне, осы өңірдегі экономикалық өсімнің орташа деңгейі соңғы 2 жылда 3,5 пен 3,3 пайыз арасында болды. Турасын айтқанда, тұтас аймақта экономикалық өсім біртіндеп баяулау үстінде. ДБ болжамына сенсек, 2025 жылы 2,6 пайызға дейін түсуі мүмкін. Бұның

қатарында дамыған елдердегі экономикалық өсімнің төмендеу қарқыны дамушы елдерден жоғары. Әрі дамыған экономикаға ие елдердегі экономикалық баяу өсім қоғамда оңай көзге шалынып отыр.

Аймақ елдеріндегі әлеует

Жоғарыда көрсетілген пайыздық көрсеткіштермен салыстырғанда, Орта Азиядағы жағдай тағы басқа. Аймақ елдеріндегі экономикалық өсім, Түрікменстанды айтпағанда, орташа көрсеткіштен жоғары. Оны мына кестеден көруге болады. (Ескерте кетейік, кестеде Еуропа және Орталық Азия елдерінің нақты ЖІӨ өсімі қарастырылған. Ондағы Еуропа мен Орта Азияны қоса алғандағы орташа көрсеткіш және Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан мен Тәжікстан елдеріне қатысты мәліметтер Дүниежүзілік банк есебінен алынған. Ал Түрікменстан бұл есепке кірмегендіктен, оған қатысты мәліметтерде Халықаралық валюта қорының мәліметтері қолданылды).

Орталық Азиядағы ЖІӨ өсімінің жағдайы салыстырмалы тұрақты көрінгенімен, бұдан 10–15 жыл бұрынғы өсім деңгейінен әлдеқайда төмен екенін мойындауымыз керек. Оның үстіне аймақ елдерінің Еуро-

падағы дамушы экономикалармен салыстырғанда өсім қарқынын жоғары ұстауына белгілі деңгейде Ресей факторының да әсер етіп отырғанын жасыра алмаймыз. Айталық, Украинадағы соғыс басталғаннан кейін Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстанның экспортты қарқынды артты. Бұл олардың жалпы ішкі өнімінің жоғарылауына да өз әсерін берді. Жалпы, Дүниежүзілік банк Ресей мен Украина арасындағы жағдайды аймақтың экономикалық өсімін тежеп келе жатқан басты фактордың қатарына жатқызады. Оған шикізат тасымалының кедергіге ұшырауы, тауар тасымалының өзгеруі, энергетика тармақтарының үзгіндікке ұшырауы сынды уәждерін келтіреді.

Шығар жол:
адам капиталы, креативті экономика

Халықаралық қаржы ұйымдарының сарапшылары, экономистері Орта Азиядағы экономикалық өсімді ұзақ мерзімді қамтамасыз етудің екі түрлі жолы бар деп санайды. Оның біріншісі – адам капиталы. Яғни ел азаматтарының біліктілігін, білімін, бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Өткен айда аталған есепті жасап отырып Дүниежүзілік банктің вице-президенті Антонелла Бассани мынадай пікір білдіргені бар: «Ұзақ мерзімді перспективадан қарағанда адам капиталы мен креативтілікті арттыру аймақ елдері үшін тұрақты өсімге қол жеткізудің кілті болмақ. Бұл ретте орта және жоғары білімнің сапасын айтарлықтай жақсарту маңызды болады».

Егер Орталық Азия жағдайына қарайтын болсақ, біздің экономикалық өсімге негізінен жалақының өсуі, түрлі шаруашылықтарға мемлекеттік қолдаулар аясында, инфляцияның төмендеуіне ілесіп тұтынудың қалпына келуі есебінен қамтамасыз етіліп тұр. Электронды ақша аударымдардың көлемі қазір пандемиядан бұрынғы кезеңтен әлдеқайда асып түскен. Бұл да өсімді қамтамасыз ететін тағы бір фактор болып қосылуда. Бұларға қоса тағы бір үміт артарлық сала – туризм. Бұл сала өзін тез қалпына келтірген саланың бірі, әрі Түркия сынды елдерді ауыр қатерден алып шыққан тармақ. Сондықтан қазіргідей қысылтаяң кезеңде мұндай серпінді салаларға көптеп көңіл бұруға тура келеді.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



	2021	2022	2023	2024 (Шамамен)	2025 (Болжам)	2026 (Болжам)
Еур., Орта Азия	7.3	1.6	3.5	3.3	2.6	2.7
Қазақстан	4.3	3.2	5.1	3.4	4.7	3.5
Өзбекстан	8.0	6.0	6.3	6.0	5.8	5.9
Қырғызстан	5.5	9.0	6.2	5.8	4.5	4.5
Тәжікстан	9.4	8.0	8.3	7.2	5.5	5.0
Түрікменстан	-0.3	5.3	2	2.3	2.3	Болжам жоқ

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ

ӘКІМ

ХАЛЫҚ ҮНІН ЕСТІТІН ҚАЛА
Тұрғындар шаһар басшысына алғыс айтты

Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы қаланың тыныс-тіршілігін жақсартуға болады. Бұл ретте шаһар басшысы Ерболат Досаев Алматы халқымен жиі кездесулер өткізіп, қала тұрғындарының мұң-мұқтажын, өтініш-талаптарын тыңдауды жалғастырып келеді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

• Алатау ауданы

53 ТОННА ҚОҚЫС
Алатау ауданында алғаш рет
Қарасу көлі тазартылды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алатау ауданындағы жұмыс сапары барысында Қарасу көлін тазарту жұмыстарының нәтижесімен танысты.

«Қарасу» шағынауданының тұрғындары көлді тазарту туралы қала әкімінен көмек сұраған болатын. Ерболат Досаевтың тапсырмасымен Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясымен келісілген жоба әзірленді. Су қоймасын механикалық тазалауды мердігер – «TOLAGAI-2050» ЖШС 2023 жылдың наурыз айында бастап, қыркүйекте аяқтауға тиіс еді. Алайда, жобаның аяқталу мерзімі

биылғы жылдың тамызына ауыстырылды, себебі түбіндегі лайдың қалыңдығы жобалау кезінде болжанғаннан бірнеше есе көп болып шықты (30 см орнына 100–120 см). Сонымен қатар, ауыр техниканың өтуі үшін көлдің түбінен уақытша жол салу қажеттілігі де мерзімге әсер етті. Бастапқыда тазарту жұмыстарын топырақ қатқан қыс мезгілінде жүргізу жоспарланған еді.

Көлді тазарту жұмыстары аяқталған соң уақытша жол лаймен бірге шығарылды. Айта кету керек, бұл жұмыс тоған тарихында алғаш рет жүргізілді. Соның нәтижесінде көлдің түбінен 53 тонна қоқыс және 10 мың текше метр лай шөгіндісі шығарылды.

Жоба қалалықтардың шағымданған бірнеше мәселесін шешуге мүмкіндік берді: бірінші кезекте, тазарту арқылы су айдынының экологиялық тепе-теңдігі мен биологиялық алуан түрлілігі қалпына келеді. Көл тұрғындар мен қала қонақтары үшін қайтадан демалуға ыңғайлы орынға айналады.

Сапар барысында «Қарасу» шағынауданының тұрғындары көлді тазарту жұмыстары

ды. Бұл құрылыс Жетісу ауданының 6 мыңнан астам тұрғыны орталық сумен жабдықтауға мүмкіндік береді.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Жетісу ауданында сумен жабдықтау және су бұру желілері құрылысының барысымен танысты.

Бұрын бұл учаскеде магистральдық желілер болмаған. Кеңес заманында тұрғындар ұжымдық су құбырын тартып, кейін жеке желілерге қосылды. Құбырлардың кіші диаметріне және халық санының өсуіне байланысты қысым және сәйкесінше су тапшылығы болды. Пайдалану кезінде тозған құбыр жүктемелерге төтеп бере алмады, сонын салдарынан жиі қысым әрі сумен жабдықтауда үзілістер болды.

Жетісу ауданында сумен жабдықтаудың және суды бұрудың жаңа желілерін салудың ауқымды құрылысы 2023 жылдың наурыз



үшін алғыс білдіріп, әкімнен су қоймасы маңында жаяу жүргіншілер аймағын салуды өтінді. Бұған жауап берген Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев өзінің тапсырмасымен спортпен шұғылдануға арналған серуендеу және белсенді демалыс аймақтарын салуды қамтитын көріктендіру жобасы әзірленетінін айтты.

Жоба шапағаты

Ерболат Досаев «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында көріктендіруге белсенді қатысқан тұрғындарға алғыс білдірді.

Алатау ауданын аралау барысында шаһар басшысы Ерболат Досаев «Қарасу» шағынауданындағы Бағаналы Орда көшесіндегі скверді абаттандыру барысымен танысты.

Жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Шілде айында басталған ұзындығы 800 метр болатын жаңа жаяу жүргіншілер аймағы Мойылды және Қаламбаев көшелерінің аралығында орналасқан. Жоба келесі айда аяқталады деп жоспарлануда. Бұл өткен жылы Шаяхметов пен Мойылды көшелері арасында жөнделген 400 метрлік жолақтың жалғасы болды. Осылайша ұзындығы 1200 метр болатын біртұтас серуендеу аймағы құрылды.

Атқарылған жұмыстармен танысқан соң Алматы қаласының әкімі жобаны уақытылы аяқтауды және ірі ағаштар отырғызуды тапсырды. Ол сондай-ақ, қоғамдық кеңістікті дамытаудағы тұрғындардың үлесін ерекше атады.

«Сіздердің белсенді ұстанымдарыңыз аудан мен қала әкімдігіне көріктендіруге және жайлы жасал аймақтар құруға қаражат бөлуге көмектеседі. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына қатысып, жобаларыңызды ұсынып, сүйікті қаламыздың өркендеуіне үлкен үлес қосып келесіздер», – деп Ерболат Досаев қала тұрғындарына жаңартылған аумақтарда тәртіп сақтауға және балаларда қалалық кеңістікке деген құрмет пен ұқыптылық сезімін тәрбиелеуге шақырды. Тұрғындар өзгерген кеңістік үшін қала әкіміне алғыс білдірді.

«Енді біз отбасымызбен осы жерде серуендейміз, достарымызбен кездесіп, уақытымызды тиімді өткіземіз. Жаңа алаңның арқасында жақсы демалыс үшін орын көбейді. Билік тұрғындардың өтінішін естіп, оларды жүзеге асырып жатқанына қуаныштымыз», – деді тұрғындар.

айында басталды. Жоба бойынша инженерлік желілердің жалпы ұзындығы – 97,75 км: 25,7 км су құбыры және 72 км – кәріз желілері. Бүгінгі таңда нысанның дайындығы 30%-ды құрайды. Жұмыстарды аяқтау 2025 жылдың желтоқсанына жоспарланған.

Сондай-ақ, жобада жолдың бүкіл ені бойынша 13 көшеде асфальт төсемді қалпына келтіру көзделген, оның 9-ы бойынша жұмыстар аяқталды.

Жоба аяқталғаннан кейін 6 мыңға жуық абонент орталық инженерлік желілермен қамтамасыз етіледі.

Қала басшысы Жетісу ауданының әкіміне құрылыстың барысы мен сапасын бақылауды және жұмысты мерзімінде аяқтауды тапсырды. Ерболат Досаев бұл жобаны іске асыру қалалық инфрақұрылымды әрі Жетісу ауданы тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартудағы маңызды қадам екенін атап өтті.

ОҚУШЫЛАР ҮЛКЕН
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ
ТАНЫТТЫ

Мектепте IT саласының
үздігімен мотивациялық
кездесу өтті

Кеше қаладағы №176 мектеп-гимназиясында оқушыларға арналған мотивациялық кездесу өтті. «Еңбек еңсе көтереді» жобасы аясында өткен мағыналы кездесуде оқушылар бас кейіпкер – IT саласының үздігі Айболат Құлатайды ортаға алды.

Естай
БОЖАН



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Өз еңбегімен еңсе көтерген білікті маманмен кездесуге мектептің 10-11-сынып оқушылары қатысты. Мамандық таңдау алдында тұрған оқушылар үшін арнайы ұйымдастырылған іс-шараны Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы Қоғамдық даму орталығының қолдауымен «Жауһар» қоғамдық қоры және №176 мектеп-гимназиясы бірлесіп ұйымдастырған болатын.

Кездесуде IT маманы Айболат Құлатай өзінің мамандық таңдау кезіндегі және студенттік кездегі қызықтарын бөлісе отырып, тандаған мамандығының өміріне қалай әсер еткенін баяндады. Әрі өзінің IT жобаларының жасалу барысын, олардың қызметі мен нәтижелерін, алдағы жоба-жоспарларын бөлісті.

«Кездесуде өз саламның төңірегінде даму тенденцияларын жас жеткіншектерге түсіндірсем дедім. IT жобаларымды таныстыра отырып, болашақ маман иелерінің осы салаға деген түсінігін, қызығушылығын арттыруды мақсат етіп келдім. Қазір бұл сала бойынша Қазақстан да әлем көшінен шеткері қалып жатқан жоқ, тіпті кейбір Еуропалық елдерден де алда кеткен жақтарымыз бар. Жалпы, бұл сала бойынша елімізде мүмкіндік өте жоғары. Бұл туралы оқушылар білсе және болашақ сұранысы болған осы салаға көңіл аударса деген үмітім бар», – дейді Айболат Құлатай.

Жоғары сынып оқушылары өздеріне қатысты бұл кездесуге ерекше қызығушылық танытты. Кейіпкермен сұрақ-жауап кезінде де оқушылардың осы салаға ынтасының жоғары екені де байқалды.

«Еңбек еңсе көтереді» әлеуметтік жобасы аясында мұндай кездесулер бұған дейін де қаладағы бірқатар мектепте өткізілген. Ұйымдастырушы ретінде «Жауһар» қоғамдық қорының жетекшісі Нұрислам Исмаиыл бұл жоба мектеп бітіру алдында оқушылардың заманауи сын-қатерлерге бейімділігін арттырып, болашақта табысты тұлғаға айналуына ықпал етеді деп санайды.



АБАТТАНДЫРУ

ЖАЙЛЫ
ӘРІ ҚАУІПСІЗ

«Халық қатысатын бюджет»
бағдарламасы аясында аулаларды
абаттандыру жалғасып келеді

Әуезов ауданына жұмыс сапары барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жаңа стандарт бойынша абаттандырылған аула аумақтарымен танысты.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда аулаларды ауқымды жаңарту жұмыстары Мемлекет басшысының жайлы әрі қауіпсіз өмір сүруге жағдай жасау жөніндегі тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылуда. Әуезов ауданында 966 аула бар, олардың 500-і ағымдағы және күрделі жөндеуді қажет етеді. Биыл Әуезов ауданында 174-тен астам аулада жөндеу жұмыстары жүргізілді. Биыл 23 аулаға күрделі жөндеу жасалса, тағы 137 аулаға жобалау-металық құжаттама әзірленуде.

Аулаларды абаттандыру «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүргізіледі. Биыл Әуезов ауданында 57 жоба жүзеге асырылады, оның ішінде 41 ауланы абаттандыру қарастырылған, солардың бірі – №2 шағынаудандағы 41 және 42-үйлер арасындағы аула.

Аула аумағы «АлматыБасЖоспар» ғылыми-зерттеу институтының әдістемелік нұсқаулығына сәйкес күрделі жөндеуден өтті. Онда әрбір ауланы көріктендірудің стандарты мен өзіндік ерекшелігі ескерілген. Аулада балалар және спорт алаңдары салынды, 19 көшеге жарықтандыру бағанасы, 12 бейнебақылау камерасы орнатылды, 390 шаршы метрлік футбол алаңы салынды, 300 метрлік жасыл қоршау және 50 ағаш отырғызылды. Сонымен қатар, 3 мың шаршы метрден асатын жасыл аймаққа автосуару жүйесі мен 400 метрлік тротуар жасалды.

«Жаңартылған ауламыз бізге өте ұнайды әрі балалармен серуендейтін аналар үшін өте қолайлы. Бізге тіпті басқа аулалардың тұрғындары келіп, уақытын осында өткізеді. Бұрынғы күйімен салыстырғанда, айырмашылық үлкен – Еуропа бізге келгендей! Біз ауламыздың абаттандыру жұмыстарына белсене қатысып, оны қолайлы ету үшін ұсыныс білдірдік. Пікірлерімізді ескергендеріңізге рахмет!», – деп тұрғындар Алматы қаласының әкіміне алғыс білдірді.

БАСПАНА

ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ТҰРҒЫН ҮЙ:

Халықтың әлеуметтік осал топтары мен жұмысшы жастардың азаматтары үшін қандай пәтерлер беріледі?

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданындағы жұмыс сапары барысында әлеуметтік осал топтар (ХӨОТ) мен жұмыс істейтін жастарға жалға берілетін пәтерлер қарастырылған жаңа «Алем City-3» тұрғын үй кешенін аралап көрді.

Сапар барысында Ерболат Досаев мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қолайлы орта құрудың маңыздылығын атап, тұрғын үйлерге пандустар орнатуды тапсырды. Сонымен қатар, жаңа үйлерді уақытылы инженерлік желілерге қосып, жылу және сумен жабдықтау жүйелерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге тапсырма берді.

Мемлекеттік тұрғын үймен қамтамасыз ету бағдарламаны жүзеге асыру ая-

сында 2022-2023 жылдары коммуналдық тұрғын үй қорына ХӨОТ пен жұмыс істейтін жастарға бөлінетін 4100 пәтер берілді. 2024 жылдың соңына дейін қосымша 3150 пәтер сатып алу жоспарланып отыр, оның 2100-і ХӨОТ-қа, ал 1050-і жұмыс істейтін жастарға арналған.

Жұмыс істейтін жастарға үш жылға дейінгі мерзімге айына 7-15 мың теңге аралығында төлеммен жалға беру қарастырылған, алайда ұзарту немесе сатып алу мүмкіндігі жоқ. Осы кезеңде жалға алушы жастар кейіннен екінші деңгейлі банктер арқылы ипотекаға тұрғын үй сатып алу үшін депозитте қаражат жинауы керек.

Биылғы 10 айда 4828 азамат тұрғын үймен қамтамасыз етілді, олардың ішінде: 1655-і кезекте тұрғандар үшін коммуналдық тұрғын үй қорынан жалдамалы баспана алғандар; 2100-і жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін баспана алғандар; 226-сы жылдық 2-5% жеңілдетілген несие беретін бағдарлама арқылы баспана алғандар; 847-сі «Алматы жастары» бағдарламасы аясында үйлі болғандар. Сондай-ақ, 187,3 млн теңге сомасына 160 тұрғын үй сертификаты берілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«ЖАЙЛЫ ҚАЛАЛЫҚ ОРТА»

ХАЛЫҚТЫ ҚУАНТҚАН ЖОБА

«Шұғыла» шағынауданында балалар және спорт алаңдары бар жаяу жүргіншілер аймағы пайда болады

Шаһар басшысы Ерболат Досаев «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жаяу жүргіншілер аймағын салу жұмыстарымен танысты.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында және Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесу кезінде «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында салынған балалар және спорт алаңдары бар жаяу жүргіншілер аймағының құрылысымен танысты.

Наурызбай ауданының негізгі жобаларының бірі – «Шұғыла» шағынауданының 10 мың тұрғыны үшін демалатын орынға айналатын жаяу жүргіншілер аймағын салу.

Қоғамдық кеңістікке ұзындығы 350 метрлік жаяу серуендеу алаңы, балалар ойнайтын, сонымен қатар, баскетбол, воркаут алаңдары және амфитеатр кіреді. Бүкіл аумақта көше жиһаздары мен шағын сәулет пішіндерін орналастыру, сондай-ақ автоматтандырылған суару жүйесін және көше жарықтандыру бағаналарын орнату жоспарлануда. Қазіргі уақытта ағаштар, бұталар отырғызылды, газон жасалды.

Абаттандыру жобасының іске асырылу барысымен танысқан Ерболат Досаев оны



ағымдағы жылдың қараша айының соңына дейін аяқтауды, бар кемшіліктерді жоюды, жарықтандыру жүйесін қосуды тапсырды.

Өз кезегінде шағынаудан тұрғындары әкімге ересектер мен балалардың демалуына қолайлы жағдайлар жасағаны үшін, жайлы жаяу серуендеу аймағы үшін алғыстарын білдірді. Олардың өтініші бойынша жаяу жүргіншілер аймағының бойында видеобақылау камералары орнатылады.

Ағымдағы жылы Алматыда «Халық қатысатын бюджет» жобасына 18,8 млрд теңге бөлінді, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 5,8 млрд теңгеге артық. Қала тұрғындары аулаларды, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, спорт және ойын алаңдарын құру бойынша 364 жобаны ұсынуға және іске асыруға мүмкіндік алды.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

СПОРТ

АЛМАТЫЛЫҚТАР

каратэден Азия чемпионатының медальдарын жеңіп алды

Қазақстан құрамасы алматылық спортшылармен бірге каратэден Азия чемпионатында жеңіске жетті. Осылайша қазақстандық спортшылар каратэден Азия чемпионатында үздік атанды.

Тайланд астанасы Бангкокта 8-10 қарашада Қазақстан ұлттық құрамасы қатысқан шинкиокушинкай каратэсінен 19-шы Азия чемпионаты өтті.

Турнирге барлығы 22 елдің өкілдері қатысты. Қазақстан ұлттық құрамасы сапында алматылықтар – Зере Каримова, Рустам Авзалов және Валерия Крестина өнер көрсетті. Ел спортшылары 10 марапат жиынтығынан 9 алтын, 1 күміс және 8 қола медальды жеңіп алды.

Чемпионат қорытындысы бойынша біздің құрамаға 2025 жылы Токиода (Жапония) өтетін әлем чемпионатына қатысу үшін он лицензия берілді.

Жалпыкомандалық есепте Қазақстанның құрама командасы тұғырдың ең жоғары сатысына ие болды, екінші орында Қытай құрамасы, Тайланд командасы үшінші орын алды.

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС



ЖАҢА ЖОЛАЙРЫҚ

Жансүгіров көшесі мен Сейфуллин даңғылының өткізу қабілетін 15-20%-ға арттырады

Алматыда осы демалыс күндері Жансүгіров-Сейфуллин қиылысындағы тоннельде жол қозғалысы ашылады.

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Жетісу ауданын аралау барысында Жансүгіров көшесі мен Сейфуллин даңғылының қиылысындағы жолайықтың құрылыс қарқынымен танысты. Жобаны жүзеге асыру 2017 жылы басталған болатын, алайда 259 жер телімін сатып алу қажеттілігіне байланысты ұзаққа созылды. Соңғы жер телімі биыл мамыр айында босатылды.

Жоба бойынша Сейфуллин даңғылында көліктердің үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін жалпы ұзындығы 690 метр болатын екі тоннель салу қарастырылған. Ал Жансүгіров көшесі бойынша көлік қозғалысы жер деңгейінде жүзеге асады. Сонымен қатар, 4 жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі, тротуарлар және іргелес аумақты көгалдандыру жоспарланған.

Қазір барлық бұрылыс жолға асфальтбетон жабыны төселіп, бір жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі салынды, сондай-ақ кәріз және байланыс желілерін қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, Сейфуллин даңғылындағы «Батыс» және «Шығыс» тоннельдеріне асфальтбетон жабынын төсеу аяқталды. Демалыс күндері осы тоннельдер арқылы қозғалыс ашылып, ауа райы қолайлы болса уақытша жол таңбаларын сызу жоспарланған.

Қала әкімі құрылыс жұмыстарын жеделдетіп, нысанды абаттандырумен бірге келесі жылдың маусым айының соңына дейін аяқтауды тапсырды.

Айта кету керек, жолайық іске қосылғаннан кейін Жансүгіров көшесінің өткізу қабілеті 15%-ға, Сейфуллин даңғылының өткізу қабілеті 20%-ға артады деп күтілуде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САРАПТАМА

ЕЛДІГІМІЗДІҢ СИМВОЛЫ

Бүгін – ұлттық валюта айналымға енген күн

Жаһандық экономика-ның негізі бүгінде халықаралық саясаттың тұрақтылығына тікелей байланған. Жыл басынан бері әлем елдеріне өтіп келген сайлаулар мен Таяу Шығыс пен Шығыс Еуропа аймағындағы геосаяси өзгерістер жаһандық экономикалық тұрақтылыққа ықпал етуде. Қаңтар айында Тайуанда басталып, қарашада АҚШ-та аяқталған сайлаулар мен саяси өзгерістер әлемнің келесі бесжылдық бойына қай бағытта дамитынын бағамдады. Жаһандық қаржы жүйесінде, ұлттық экономикамыздың тұрақтылықты сақтап қалуында, төл теңгемізге деген халықаралық қаржы институттары тарапынан жасалған сенім мен құрметтің рөлі ерекше.

15 қараша – ұлттық валюта күні. Төл теңгеміз халықаралық қаржы айналымында соңғы отыз жылда мойындалып, ел азаматтарының сенімі мен құрметіне ие болып отыр. Мақаламызда ұлттық валютамыздың жаһандық геосаяси өзгерістер қарсаңындағы тұрақтылығы мен болашағын талдап көрелік.

Жыл басында Қызыл теңіз айлағында Йемендік хуистер тобының сауда кемелеріне шабуылы жаһандық экономикада мұнай бағасын бір тәулік ішінде 10%-ға қымбаттатты. 2024 жылғы 5 қарашада өткен АҚШ-тағы президент сайлауында Д.Трампың жеңіске жетуі DXU индексі бойынша халықаралық валюталардың долларға қарсы



(Дереккөз: egemen.kz).

үлесін 5%-ға төмендетті. Жаһандық саяси өзгерістердің экономикаға ықпалы жыл сайын артуда.

Биыл төл теңгеміздің айналымға енгеніне – 31 жыл. Ұлт тарихында теңгемізді дайындау жұмыстары 1992 жылы басталып, 1993 жылы 15 қарашада ресми айналымға енген еді. Алғашқы ұлттық валютамыздың авторлары, суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжәлелов. Алғаш рет теңге 1993 жылы Англияның әйгілі «Харрисон және балалары» монеталық фабрикасында басылды.

Ұлттық құндылық

Қазақстан – Кеңес Одағының рубль аймағынан соңғы елдердің бірі болып шық-

ты. Төл теңгеміз алғаш айналымға енгенде, 1 теңге – 500 КСРО рубліне, 4,75 теңге – 1\$ АҚШ долларына теңестірілді. Теңге атауы орта ғасырларда Отырар, Тараз қалаларынан табылған алғашқы алтын монеталар атауымен байланысты таңдалған. Ұлттық теңгеміз бүгінде әлемдік валюта нарығында, әсіресе, Орталық Азия аймағында жоғары сенімге ие валютаға айналған. Ұлттық Банк бастамасы негізінде 2023 жылдан бастап цифрлық теңге жобасының бірінші кезеңі іске асуда.

Аталмыш қадам ұлттық валютамыздың жаһандық қаржы жүйесінде ықпалын арттырып, қолданыс аясын жеңілдетіп отыр. Теңгенің сенімділігі мен тұрақтылығы Қазақстанның экономикалық дамуы мен қаржы жүйесінің тұрақтылығына тікелей байланысты. Төл теңгеміздің тұрақтылығы елге шетелдік инвестиция тартуда ең басты көрсеткіштердің бірі. Standard & Poor's халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингін 2023 жылы «BBB» деңгейінде «Тұрақты өсуші» деген рейтингке жатқызды.

БАНКНОТАЛАР МЕН
МОНЕТАЛАР КӨРМЕСІ

Алматыда JusanVibe арт-кеңістігінде ҚР Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚҰБ) теңге банкноталары мен коллекциялық және инвестициялық монеталарының көрмесі өтіп жатыр.

Экспозиция ұлттық валюта – теңге күнін мерекелеуге орайластырылған. Көрме тұжырымдамасында екі тақырыптық экспозиция көзделген: ҚҰБ теңге банкноталары мен инвестициялық және коллекциялық монеталары.

Көрме 22 қарашаға дейін жалғасады, 17 қараша демалыс (жексенбі) күнін қоспағанда, күнделікті 09.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс істейді. Көрме өтетін орын: Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 36, «First Heartland Jusan Bank» АҚ ғимараты, JusanVibe арт-кеңістігі.

ҚАЗАҚСТАН ҚАРЖЫГЕРЛЕРІНІҢ
XII КОНГРЕСІ

15 қарашада Алматыда Қазақстан қаржыгерлерінің XII конгресі өтеді. Іс-шараны Қазақстан Ұлттық банкі мен ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қолдауымен Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы ұйымдастырады.

Конгрестің панельдік сессияларында Қазақстанның мемлекеттік орган өкілдері, банктер мен басқа да қаржы институттарының басшылары қаржы секторын либерализациялау мәселелері мен оның экономикалық өсімге қалай әсер ететінін талқылайды. Сонымен қатар, макроэкономикалық саясаттың басқа да аспектілерін қарастырады.

Конгресте ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымы мен цифрлық теңгені дамыту перспективалары сараланады. Бөлшек қаржы нарығын дамытуға да қатысты дара сессия өтеді, ол халықарналарға кредит, сақтандыру және инвестиция өнімдеріне арналады.

Конгресте қаралатын тағы бір тақырып – корпоративтік секторды қаржыландыру, оның мүмкіндіктері мен ондағы шектеулер.

Қорытынды панельдік пікірталас инвестициялық және эндаумент қорларын дамыту бағыттарына арналады. Конгресс Бағдарламасымен Ұлттық Банк сайтынан танысуға болады. Айта кетейік, Қазақстан қаржыгерлерінің конгресі онлайн және офлайн форматта өтеді. Пленарлық сессиялар мен панельдік пікірталастар ҚҰБ-тың – Қазақстан Ұлттық Банкі – YouTube ресми арнасында онлайн көрсетіледі.

Айналымда қатар жүру кезеңі аяқталғаннан кейін, яғни 2025 жылғы 25 қыркүйектен бастап барлық банк пен Қазпоштада 3 жыл ішінде, ал ҚҰБ филиалдары ескі үлгідегі банкноталарды жаңа үлгідегі банкноталарға мерзімсіз айырбастайды.

Айналымда қатар жүру кезеңінде жаңа үлгідегі және ескі үлгідегі банкноталар заңды төлем құралы болып қалады, төлемдер мен аударымдар жасала береді, банк шоттарына аудару үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында олардың атаулы құны сақталмақ және қабылдауға жатады. Бұл банкноталардың барлығы ҚҰБ филиалдарында, Қазпоштада және еліміздегі екінші деңгейлі банктер мен Қазақстандағы бейрезидент банктердің филиалдарында еш шектеусіз айырбасталады және ауыстырылады.

Заңды төлем құралы саналатын банкноталар мен монеталарды қабылдаудан бас тарту – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.nationalbank.kz).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Виталий ТУТУШКИН,
ҚҰБ Төрағасының орынбасары:

Мемлекеттік ақша жүйесінің негізі

Ұлттық төл валюта – тәуелсіздік пен егемендіктің нышаны, мемлекеттегі ақша жүйесінің негізі. Ұлттық Банк өткізетін экспозицияның мақсаты – қалың аудиторияны ұлттық валюта – теңге тарихымен, «Сақ стилі» банкноталарының жаңа сериясымен, инвестициялық және коллекциялық монеталармен таныстыру.

Санжар НҰРҚАСЫМОВ,
ҚҰБ бас дизайнері:

«Сақ стилі» – жаңа серия

«Сақ стилі» сериясындағы банкноталардың тұжырымдамасы туралы айтсақ, жаңа серияның негізгі мақсаты – ұлттық валютаның қорғаныш дәрежесін арттыру, пайдалануға ыңғайлы ету және Қазақстанның мәдени құндылықтары мен тарихын дәріптеу.



АТРИБУТ

ТАҒДЫРЛЫ СӘТТЕ ДҮНИЕГЕ
КЕЛГЕН ТӨЛ ТЕҢГЕ

ел тарихындағы сындарлы қадамдардың бірі



Коллаж жасаған Нұрбоуын ӨРІСҮЛЫ.

Теңге – еліміздің егемендігін айғақтайтын маңызды атрибуттарының бірі. Бүгін – Ұлттық валюта күні. Осыдан 31 жыл бұрын, яғни 1993 жылы айналымға енген төл теңгеміз осы уақыт ішінде Қазақстанның дербес қаржылық, экономикалық жүйесінің қалыптасуына негіз болды. Осы орайда ел тарихындағы тағдырлы сәтте дүниеге келген ұлттық валютамыз туралы аз-кем сөз қозғасақ дейміз.

ДИНАР МЕН ДІЛДӘ

Ықылым заманға сәл шегініс жасар болсақ, шамамен 1260–1280 жылдарда Орталық Азияның он алты қаласында монета соғатын ірі сарайлар болған дейді тарихшылар. Ал біздегі теңге сарайлары Тараз, Жентте, т.б. қалаларда жұмыс істеген көрінеді. Монеталардың бетіне көбіне арыстан, сұңқар, ал кейбірінде шоқжұлдыздар бедерленген деседі. Ол тұста алтыннан соғылған тиынды «динар», ал күміс тиынды «дирхем» деп атаған. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қалаларда сауда-саттық жасауда осы дирхем, динарлар, сондай-ақ ділдә, жамбы сынды ақшалар пайдаланылған.

Қазақ атамыз қағаз ақшаны аққұйрық, ал темір ақшаны бақыр, қара бақыр, күреш, жармақ, тиын деп түрліше атаған. Сонымен қатар, алтын мен күмісті көлемі мен салмағына қарай тайтұяқ, атантұяқ, қойтұяқ, ботагөз деген. Ал қазір теңге дейміз.

Тарих парақтарын ашсақ, XV ғасырдың өзінде Отырар қаласында «таньга» деген атаумен күміс монеталар болған екен. Кейін жаңа валютамызды осы монетаға ұқсастырып «теңге» деп атау туралы шешім қабылданады.

Иә, 1990 жылдары Кеңес Одағы ыдырап, оның құрамында болған әр республика өзінің егемендігін жариялаған соң, шұғыл түрде бірінен соң бірі ұлттық валютасын бекітіп, айналымға шығара бастады. Әрине, Қазақстан да егемендігін айғақтайтын маңызды

қадамын дер шағында жасады. Осылайша 1993 жылдың 12 қарашасында елімізде Ұлттық валюта туралы Жарлыққа қол қойылып, 15 қарашадан бастап ел аумағында ұлттық ақша ретінде айналымға енді. Ал қарашаның 22-сінде отандастарымыздың зейнетақысы мен еңбекақысы теңгемен беріле бастады.

АЛҒАШҚЫ ЖАҢА ВАЛЮТА

Ең алғашқы қағаз теңгелеріміздің үлгісін отандық суретшілер Қайролла Әбжәлелов, Ағымсалы Дүзелханов, Тимур Сүлейменов және Меңдібай Алин жасаған. Онда қазақ тарихындағы белгілі тұлғалар, еліміздің әсем табиғаты және тарихи маңызы бар оқиғалар көрініс тапты. Дизайнерлердің жаңа валюта кескінін әзірлеу жұмыстары Алматы қаласында ерекше құпия жағдайда жүргізілген. Бұл туралы дизайнер-суретшілерден басқа мемлекет басшылығындағы санаулы адамдар ғана білген.

Осылайша алғашқы теңгеміз Ұлыбританияда Harrison & Sons фирмасынан басылып шықты. Өйткені, аяғын енді ғана тәй-тәй басып келе жатқан елімізде ақша шығаратын фабрика болмаған. Ал алғашқы қазақстандық монеталар Германияда жезден және никель күмістен жасалған.

Айтпақшы, еліміздегі ең алғашқы теңге сарайы 1992 жылы Өскемен қаласындағы «Үлбі» металлургия зауытының жанынан ашылғанын көпшілік біле бермейді. Қазақстан тарихында қазіргі айналымдағы монета-

лар тұңғыш рет 1998 жылдың қараша айында еліміздің монета алаңында шығарылған.

АЛМАТЫНЫҢ
БАНКНОТ ФАБРИКАСЫ

Ал бүгінде ұлттық валютамыздың барлық түрі алып Алматыдағы Банкнот фабрикасынан шығады. Оның да тарихы әріде жатыр.

Иә, Тәуелсіз Қазақстанның тарихында тұңғыш рет, яғни 1993 жылғы маусымда бағалы қағаздар шығару цехы іске қосылды. ҚР Ұлттық банкінің Банкнот фабрикасының құрылу тарихи осы оқиғадан бастау алады. Ал еліміздің экономикалық тәуелсіздігін нығайтуда маңызды қадам болып саналған Банкнот фабрикасы Алматыда ресми түрде 1995 жылы 19 мамырда ашылды. Ол көркемдік және полиграфиялық орындалу деңгейі озық баспалық өнімдерді шығаруға мүмкіндік беретін аса бірегей, айрықша құрал-жабдықтармен жабдықталды. Банкнот фабрикасы бүгінде банкноттан басқа баспалық өнімнің жүзден аса түрін шығарады.

Банкнот фабрикасының әлемдегі іскерлік беделі де өсуде. 2003 жылы «Өнеркәсіп көшбасшысы» номинациясы бойынша Eartmacer сыйлығын алды. 2004 жылы Женевада өткен «Бизнестегі жоғары сапа» атты IV халықаралық форумда «Мінсіз іскерлік беделі үшін» алтын медаль иеленді. 2008 жылы Мәскеуде өткен III Халықаралық сапа ассамблеясында «Алтын сапа» сертификатымен марапатталған.

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ӘДЕМІ
АҚША

Ұлттық валютамыз айналымға енгізілгені бері теңгеміздің сыртқы келбеті бірнеше мәрте өзгертілді. Естеріңізде болса, 1 теңгелік банкнотта Әбу Насыр Әл-Фарабидің, 3 теңгеде Сүйінбай Аронұлының, 5 теңгеде Құрманғазы Сағырбайұлының, 10 теңгелік банкнотта Шоқан Уәлихановтың, 20 теңгеде Абай Құнанбайұлының, 50 теңгеде Әбілқайыр ханның, ал 100 теңгеде Абылай ханның бейнесі болған еді.

2006 жылы 15 қарашада ұлттық валютамыздың жаңа дизайнмен әрленген 200, 500, 1000, 2000, 5000 және 10000 теңгелік банкноттары қолданысқа енгізілді. Дизайны мемлекеттік рәміздерді, еліміздің сәулет нысандары мен табиғаты әсем жерлерін бейнелей отырып, Қазақстанның осы заманғы бейнесін береді. Номиналдар бетіндегі сандық және жазбаша белгілеулер ірі қаріптермен басылған.

2011 жылдан бастап қолымызға ұлттық валютаның төртінші буынын ұстай бастадық. «Самұрық» сериясына 500, 1000, 2000, 5000, 10000 және 20000 теңгелік банкноттар кіреді. Олардың алдыңғы жағында «Қазақ елі» монуменгі және көгершіндер бар. Артқы жағында елорда, Алматы панорамаларын, Ертіс өзені мен Үстіртті орналастырған. Жалпы, халықаралық сарапшылардың пікірінше, біздің теңге дизайнында ежелгі дәстүр мен заманауи технология сәтті үйлесім тапқан.

Айта кетейік, қазақстандық ақша әлемдегі ең әдемі ақшалардың бірі ретінде бағаланады.

ЕҢБЕК АДАМЫ



НӘЗІК ТЕ ҚАЙСАР ҚЫЗ

қаржы саласының «жілігін
шағып, майын ішкен»

15 қараша – Ұлттық валюта күні және қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Бүгінде есеп-қисаптың жілігін шағып, майын ішкен майталман мамандар жетерлік. Солардың бірі – Ұлттық ұланның Алматыдағы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінде қызмет атқаратын қаржы бөлімінің офицері, лейтенант Гүлжан Баймұханова.

Бұл сала алдымен мұқият болуды талап етеді. Өйткені, сандар қателескенді кешірмейді. Ал сол сандарды «сайрата» білген сала маманы бүгінде Ұлттық ұланның сапында абыроймен қызметін атқарады.

Гүлжан Бағдатқызы Қарағанды облысының тумасы. 2000 жылдан бері Алматы қаласында тұрады. Алматы экономикалық колледжін қаржы мамандығы бойынша тәмамдап, одан жоғары оқу орнын бітірген. 2009 жылы қазақ әскерінің алдыңғы шебі саналатын Ұлттық ұлан қатарына шақырылады. Сәйкесінше, әскери қызметшілерге қойылатын талап та, тәртіп те қаржы маманына қатар қойылды. Нәп-нәзік болмысқа ие кейіпкеріміз ойланбастан ер-азаматтармен қатар иық түйістіріп, Отан үшін титтей де болсын қосқан үлесім деп қызметке кіріседі. Әскери Жарғыға бағынады. Отан алдындағы әскери Антты да қабылдайды.

Оның бұл салаға бет бұруына анасының тікелей қатысы бар. Өйткені, анасы ұзақ жылдар қаржы маманы болып жұмыс істеді. Есінде, бала күнінде анасы түнімен қат-қат қағаздардың ортасында май шаммен, есепшотты сарт-сұрт қағып ұзақ отыратын.

– Осы уақытқа дейін түсінгенім, адамның тағдырына жазылғаны болады екен. Қызығы, менің армандар тізбегімде әскери адам болу мүлдем болмаған. Өдетте погон таққан, форма киген жандарға көпшілік қызығады ғой. Ал менікі керісінше, қызметке кіріскеннен кейін ғана мамандығымды сүйе бастадым. Иә, басында қыз баласы үшін оңайға соқпады. Өйткені, ер-азаматтар сынды зонт киіп, окоп қазып, қатал талап пен тәртіпке бағындық. Содан еш жаман болған жоқпыз, өстік, өндік, үйрендік. Отбасымызда да, бала тәрбиесінде де осы жақтан көрген түйгенімізді, өмірлік сабақтарымызды қолданып келемін, – дейді лейтенант Гүлжан Баймұханова.

Өмірлік серігін де осы саладан жолықтырды. Сонау 2009 жылы Ұлттық ұланға қабылданған кезде қатардағы жауынгер болды. Сол тұста келісім-шарт бойынша әскери қызметшілерді қадағалайтын, білімгенін үйрететін жауапты басшысы прапорщик Ермек Баймұханов еді. Сол басшысы қазір адал жар, шаңырағаның тірегі, екі қызының әкесі. Азаматты тұрғанда Гүлжан үшін ешнәрсесі қиын емес.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВАГүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
профессор, саяси ғылымдарының докторы:

САНДЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ

Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің индексі жаһандық қаржы нарықтарында бірқатар факторға байланысты қалыптасады. Бұл индексте теңгенің құнының басқа валюталарға қатысты өзгерісін көрсетеді және валюта нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Теңгенің позициясын анықтайтын негізгі аспектілерге тоқталып кетейін. Теңгенің айырбас бағамы мұнай бағасына және Қазақстанның экспорттық әлеуетіне тікелей тәуелді. Қазақстан – әлемдегі ірі мұнай өндіруші елдердің бірі болғандықтан, мұнайдың әлемдік бағасы теңге курсына үлкен әсер етеді. Кейінгі жылдары мұнай бағасының тұрақталуы теңгенің нығайуына оң әсерін тигізді.

Валюта индексі және валюталық себет деген бар. Ұлттық банк теңгенің валюта индексіне есептеу үшін мультивалюталық себет қолданады. Бұл себетте негізгі рөлді АҚШ доллары мен Ресей рублі атқарады. Валюталық себет теңгенің басқа валюталарға қатысты тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік береді. 2023 жылы теңгенің валюта индексі айтарлықтай өзгерістерге ұшырамады. Алайда, Қазақстанның сыртқы экономикалық жағдайларына байланысты теңгенің құбылмалылығы сақталды. Инфляция деңгейі мен ақша-несие саясатында теңгенің тұрақтылығы инфляция деңгейіне де тәуелді. Қазақстан Ұлттық банкі инфляцияны бақылау үшін түрлі ақша-несие саясатын қолданады, оның ішінде негізгі мөлшерлемені реттеу және валюта нарығына интервенция жасау сияқты іс-шаралар бар.

Иә, бүгінде теңге халықаралық резервтердің өсуі мен аймақтық валюта ретіндегі рөлі артып келеді. Ұлттық банк уақыттың талабына сай цифрлық теңге жобасын әзірлеуде. Цифрлық теңге – бұл қаржы технологияларының дамуына жауап ретінде жасалған қадам. Ол ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, сандық трансформацияға серпін береді.





ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – 125

Биылғы жыл қазақ техникасының қара шаңырағы Қ.И.Сәтбаев университеті үшін маңызды оқиғаларға толы болып отыр. Оның ең бастысы – ғалым, академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толса, Қ.И.Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық зерттеу университетінің 90 жылдығы да тұспа-тұс келіп тұр.

Бірдей мерекені атап өткен оқу ордасындағы салтанатты іс-шара Қаныш Сәтбаевтың ескерткішіне гүл қоюмен басталды. Аталмыш іс-шараға Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері, Ғылым және жоғары білім министрі, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары, Қаныш Сәтбаевтың туысқандары қатысты.

Қазақ ғылымының дамуына ғасырға жуық еңбегі сіңген оқу ордасы тек Қазақстанда ғана емес, әлемдік қоғамдастықта да білім беру мен ғылыми зерттеулердің жоғары стандарттарының брэндіне айналса, айтулы оқу ордасының аты ғылымның, инженерияның және технологиялық прогрестің дамуымен де тығыз байланысты. Олай болса, осынау 90 жыл текке өткен жоқ. Ол – білімге, жаңалықтарға, инновацияларға толы уақыт. Соның бір дәлелі – жақында Сәтбаев университеті өз тарихында екі үлкен тарихи жетістікке қол жеткізді.

Университет QS Stars сыйлығына ие болып, халықаралық серіктестермен білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін бағындырды. Сондай-ақ, Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Азиядағы үздік 100 университеттің қатарына еніп, 4000 азиялық жоғары оқу орнының арасында өз позициясын нығайтты. Ол Shanghai University, Pusan National University сияқты университеттермен қатар тұрып, University of



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АРМАНДАР ОРЫНДАЛАТЫН БІЛІМ ОРДАСЫ

Macau, Singapore Management University секілді беделді азиялық жоғары оқу орындарын басып озды.

Қазақтың тұңғыш ғалымының есімі иеленген оқу ордасының ректоры Мейрам Бегентаев

жыл бойы академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуын атап өтіп келе жатқанын, оның ғылым мен қоғам алдындағы еңбегін еске алып, оған құрмет көрсетіліп жатқанын баяндады. Осынау мереке аясында жүзеге

асқан жұмыстар легімен таныстырып, жүйелі жұмыстың жалғаса беретінін жеткізді. Бұған қоса, осынау жылдар бойы оқу ордасының ғалымдары Қаныш Имантайұлының үлгісі мен ілімдерінен шабыттанып, оның

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Саясат НҰРБЕК,
ҚР Ғылым және жоғары білім министрі:

– Биыл елімізде қазақ халқының айтулы ғалымы Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығы кеңінен тойланып, жүздеген шаралар өтіп жатыр. Ескерткіш марка, монеталар шығарылды. Ең бастысы, Қаныш Имантайұлы бастаған ғылым саласы дамып жатыр. Бұл жайдан-жай емес, ең бастысы қаржыға тіреледі. Өздеріңізге белгілі, осыдан екі жыл бұрын жаңа министрлік құрылып, енді қаржыландыру 3 жарым есеге ұлғайды. Бұл ретте ғылым саласына жасалған көмектің тікелей Президенттің қолдауының арқасында екенін атап айтуға тиіспіз. Кезінде Қаныш Сәтбаев ғалымдар өндіріспен тығыз байланыста болуы керек деп айтып кетті. Сондықтан іргелі ғылымды дамытуды үш жылдық келісіммен бастап та кеттік. Тек осы оқу ордасында ғана емес, басқа да оқу ордаларында инженерия саласын, яғни осы саланың мамандарын дайындау моделін қалыптастырып жатырмыз.

Рас, соңғы жылдары бізде инженерлер даярлау сапасы төмендеп кетті. Бұл салада сапаның төмендеуі ғылым үшін де қиын болды. Сондықтан аталмыш оқу ордасында 20-ға жуық зертхана ашылды. Олар қазір түрлі бағытта дамып жатыр. Мәселен, машина жасау, нанотехника жасау, материалдарды зерттеу, тағы басқалары. Осы саланың тамырына қан жүгірту үшін ең мықты деген шетелдік зерттеушілерді әкелдік. Сонымен қатар, озық тәжірибені жүзеге асыру үшін ең мықты университеттердің филиалдарын ашып жатырмыз.

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ!

ҚАЗАҚТЫҢ ӨНЕРЛІ ҰЛЫ

Рахат-би Әбдісағин беделді музыкалық марапат иесі атанды



Қазақтың талантты баласы Рахат-Би Әбдісағин «Лондонның Құрметті музыканттар қоғамы» тағайындаған 2024 жылдың ең беделді сыйлығына ие болды. Композитор әрі пианист Рахат-Би Әбдісағин қазіргі таңда «Болашақ» бағдарламасымен Шотландияның Корольдік консерваториясының докторантура бөлімінде білім алып жатыр. Өнер әлемінің күрделі жанрын бағындырған Рахат-Би Төлегенұлының өнерін бағалаған ұлыбритандықтар жас музыкантты осы ел тарихындағы ең көне сыйлыққа лайықты деп, аталмыш қоғамның күміс медалімен марапаттап отыр.

«Лондонның Құрметті Музыканттар Қоғамы» (The Worshipful Company of Musicians) 1350 жылы құрылған ең ежелгі гильдиялардың бірі. Аталмыш ұйым бастапқыда музыканттар гильдиясы ретінде негізі қаланса, XIX ғасырдың соңында музыкалық миссиясын жаңғыртып, қазіргі уақытқа дейін жас музыканттарды, музыкалық білімді белсенді түрде қолдап келеді.

Сонымен, қазақтың өнерлі ұлына беріліп отырған «Күміс медальдің» де тарихы тереңде. Ол 1889 жылы тағайындалған ең көне әрі ерекше сыйлық. Жалпы, бұл марапатқа қол жеткізу оңай емес. Ол тек Ұлыбританияның жетекші консервато-

рияларының студенттері арасынан шыққан ең таңдаулы, әрі ең үздік жас музыканттарына ғана беріледі.

Ағымдағы жылдың 17 ақпанында Рахат-Би Глазго кафедралдык соборында «The Bruce» атты операсының тұсаукесерін өткізген еді. Бұл Шотландия королі Роберт I Брюске арналған әлемдік премьеры Джон Барбурдың «Брюс» поэмасының негізінде жазылған. Сонымен қатар, Рахат-Бидің докторлық зерттеуінің маңызды бөлігі ретіндегі шығармада өткен мен болашақты байланыстыратын мәдени құндылықтар да қамтылған.

Беггі әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

мұрасымен өмір сүріп жатқанын айтып, оқу ордасының табыстарымен таныстырды. Бұл күнде өзінің Satbayev University атты айшықты атауын қалыптастырған оқу ордасы болашақ көшбасшылар қанаттанатын, жаңа идеялар туындайтын және болашақ сәтті өмір басталатын орынға айналды.

Осынау қос мерекені тойлау барысында оқу ордасында «Армандар жүзеге асатын орындар» деп аталатын жоба аясында Мас-саусетс технологиялық институтының стандарттары бойынша құрылған «Customized FabLab MIT» зертханасы, «STROYTECH» инженерлік орталығы мен технопаркінің, «Astana Motors Hyundai Auto Kazakhstan» орталығының қолдауымен «Hyundai Engineering Lab» зерттеу орталығы ашылды.

МЕРЕКЕ ФОРУМҒА ҰЛАСТЫ

Алматыда «Еуразиялық ғылыми-инженерлік қауымдастығының алдындағы төртінші өнеркәсіптік революцияның сын-қатерлері» атты форум өтті.

Мерейтойлық шара Республика сарайында жалғасып, оқу ордасының 90 жылдығы мен Қазақстандағы геологиялық мектептің негізін қалаушы және Ұлттық Ғылым академиясының алғашқы президенті Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған форум басталды. Оның жұмысына 22 елден 200 ұйым мен кәсіпорынның, қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарының, елшіліктер мен консулдықтардың өкілдері қатысуда.

«Еуразияның ғылыми-инженерлік қауымдастығының алдындағы төртінші өнеркәсіптік революцияның сын-қатерлері» атты Халықаралық ғылыми форумның ашылу салтанатына қатысқан Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау жеделхатын оқып, университет ұжымын құттықтады.

Форум барысында пленарлық отырыс, технологияларды трансферлеу, мемлекет, ғылым және бизнесің өзара әрекеттестігі, жас ғалымдардың мансаптық өсуі жөнінде панельдік сессиялар ұйымдастырылды. Форум жұмысы қараша айының 11–15-іне дейін жалғасады.



АЛТЫН АДАМ

және Хаңли геометриясы



Магрипа Жылқыбаева (1945–2019) – Есік қорғанынан шыққан Алтын адамның күміс зереншедегі 26 таңбасының шифрын кванттық физиканың көмегімен ашып, дүние жүзі тарихына қатысты орасан мол мәлімет ұсынған ғалым. 1970 жылы Қазақстандағы Есік қорғанынан табылған Алтын адам еліміздің символына айналғаны белгілі. Қазба жұмыстары кезінде Сақ қорғанынан төрт мыңнан астам алтын бұйымдармен бірге күміс тостаған шыққан. Тостағандағы 26 таңба көптеген ғалымдардың назарын аударғанымен, оның кілтін тауып оқып,

ғылымға қажетті мол мәліметті шығарған ешкім болмады. Тек 1980 жылдардың соңында физика-математика ғылымының кандидаты, доцент Магрипа Жылқыбаева тостағандағы әр таңбадағылымы формула бар деген тұжырым жасап, Алтын адамды зерттеуге 30 жыл жұмырын жұмсады. Осы тақырыпта «Алматы ақшамы» газетінде берілген танымдық материалдан кейін («Алтын адамның аманаты», «Almaty aqshamy», №42, 21.04.2022 ж.) редакциямызға хабарласып, автор мен оның ғылыми-зерттеу еңбектеріне қызығушылық танытқан оқырман көп. Әйгілі 26 таңбаның құпиясын физика-математикалық әдіс-тәсілдермен зерттеген ғалымның көп-томдық мұраларымен таныстыруды өтінгендер де аз емес. Оқырмандар өтінішіне орай «Алтын адамның» әлемдік тұлғасын танытуға өмірін арнаған ғалымның «Алтын адамның мұрасы» деп аталатын кітабынан үзіндінің жалғасын ұсынып отырмыз.



еріксіз көндірді. Биосфераның бүге-шігесін де жете көрсетіп тұр. Бұдан кейінгі өмірдің жаңа 250 мың жылдық жоспарын ше? Ол жоспарды Будда жазуы таныстырды. Алтын адамның жазуы бойынша Кегенге бардық.

Кеген иелігі барын соған дейін естіп жүрсек те, онда жартастар туралы білмеген едік. Алтын адамның жазуында сілтеме жасаған жартасты жерлердің атауы 19 түрлі еді. Соның он бірі Кеген аймағында екен. Қалған сегізінші төртеуі Нарынқолда болды. Нарынқолдың бұрынғы әкімі Жетіген деген кісі бізді итпен қуып жолатпаған-тын. Босқа шаршап, көп шығындалдық. Кейінде екінші рет барып біраз нәрселерді іздестіргенбіз. Бәрібір де Алтын адамның жазуындағы сілтемеден маңыздыларына жете алмай қайттық. Бір нүкте – Шартастиде бола алмадық. Босқа барған секілдісің. Ең керектісі осы Шартасти еді, жаңбыр мүмкіндік бермеді.

Одан басқа жерлердегі біз бармай қалған үш нүкте мынандай атауда болатын: Сумбилати, Харатимти Тууусаарити Гааандити, Хосетепетити Хутимти Мирассити және Бисааари Тепети Хутимти Жугалибаили Талди Бекетити. Қысқа сәтте Хостөбеге бір қарап үлгерген сол сапардағы мақсатымыз анау төрт орынды жақсылап зерттеу еді. Онымыз іске аспады. Жааабрали тауының үстіндегі екі нүктені де көре алмай кеттік қой. Соның біреуінде Қожанасырдың қолтаңбасы бар делінген. Қожанасыр Түркиядан табылғанымен, тұңғыш Қожанасырдың бейіті Қостөбеде. Оны да іздеп тапқанбыз. Бізге дейін біреулер ашпақ болыпты. Сол маңды сатып алған жер иесі осындай еркіндікке барған екен. Үш метрден арыға өте алмай тастаған кезінде біз барып көрдік. Одан бері бір жыл өтті. Мүмкін бәрін ақтарып та үлгерген шығар.

Хосетепетені іздестірудегі мақсатымыз Қожанасырдың орнына бола басталған еді. Жергілікті әкімі жактырмай қуып жіберген соң ол да аяқсыз қалды. Енді мынау пирамида да солай бұзыла берсін бе? Оның үшкір төбесін трактор қиратып тастапты. Бұдан көп жыл бұрын да оның үстіне антенна орнат-



«Эллини» керек емес-тін. Іздегеніміз радиация жайындағы мәліметтер еді. Күтпеген жерден «Эллини» атауына кез болдық.

Осы Эллини жасаған неше пирамида осында екен? Бұл сұраққа біз жауап бере алмаймыз. Өйткені, анау 26 Таңбаның жазулары нұсқаған орындардың бәрінде біз бола алмадық. Жартастағы жазулардың өзін де түгел оқып үлгермедік. Үш ай ішінде нені тындыра аласың? Үнемі жартас аралап жүрген жетік маман да емеспіз. Алтын адамның жазуында көрсетілген 19 орынды түгелдей көріп шықсақ бәрі де ашылғалы тұр. Бұл пирамиданы толықтай жалаңаштау қауіпті. Аспаннан найзағай жаудырып қазір быт-шыт етеді. Ол кезеңде рұқсат етілмеген орында бүгін жасата ма ондай пирамиданы? Үлкен қаланың ішінде болса бірсәрі. Трактормен бұзылған үстіңгі деңгейі қандайлық күйде ойсырағанын да білмейміз ғой. Тапталған топырақты ашатын болсақ, қиратылған төбе жақтан кірген жаңбырдың суы ішіне қарай өтіп жүрмей ме?

Пирамиданың екі жағында 22 дене бар делінген. Оның 21 тұлғасы алтын заводта болған өрттің құрбандары – өңшең жас жігіттердікі. Сондықтан арнайы балызамдалыпты. Екінші басында жалғыз дене жатуы керек. Он бір мың жылдық жасы бар. Үш түрлі ПАТШАНЫҢ қызметін атқарыпты. Олардың атаулары: АААМУУУРИТИ ХУТИМТИ САААРИТИ, АААРТУУУРИТИ ПРМТИХУТИМ және ТОБЭИ ХАААНДИТИ – ТОБХТИ. Планета ЖЕРДІҢ бетін тегістей билеген «Планеталық АКИМТИ» аты тағы бар.

Он бір мың жылдық өмірді ХУДАИ оған бізді есіркегендіктен беріпті. Осынша саналы біреу басқармаса Планета ЖЕРДІҢ үстіне

бар көрінеді. «Алтын адам» дегенін АДАМ ПАИГАМБАРДЫҢ қорғанынан табылып тұр. Ондағы үшінші қабатта ХАУАНАНЫҢ мұрағаты бар екен. ХАУАНАДАН кейінгі 12 әйелінікі де сонда болды. Бұлардың мүлкі де бір қабатында сақтаулы делінген. Одан өзге тағы бір тең аталады. Ол теңді Африкадан алып келіпті. АДАМ ПАИГАМБАРДЫҢ бір тең киімін, оның он тоғызыншы әйелі Африкадағы ұлының үйіне теңдеп әкеліпті. Содан қайтарып әкелінгенін АДАМ ПАИГАМБАРДЫҢ өзі ашықызбастан көміп тастатқан. Сонда бұл киімдерді ол көп уақыт бұрын өзі көмдіріп тастаған болды. Шірігені бар ма, жоқ па, бізге белгісіз ғой. Десек те, ПАИГАМБАРДЫҢ киімдерін бүтіндей көру маңызды.

ХАУАНАНЫҢ қасындағы 12 дене де балызамдалмаған. Жай сүйек болып қойылғанға дейін жоғарыда ұсталған. Әбден қурап болғанда апарып 25 метрлік тереңдікке түсіріпті. Он үш бірге апарылған. Олардың киімдері қасындағы жеке теңдердей. ХАУАНАНЫҢ теңінде ерекше таңба соғылған. Оның түсі ақ сырлы. Қара қошқыл сыр жағылған екі тең бар. «Бұлардың ішінде алтын бұйымдар жатыр» дейді. Алтынның келген орны ШығуСИНАИТИ. Қазіргі құм басып жатқан Шы-Гу сол ғой.

ХАУАНАНЫҢ есімі: ХААА-БИБАТИ. Қасындағы он екі АНАНЫҢ өз есімдері белгілі. Олардың әрбіреуі 9 ұлдан туыпты. ХАУАНАДАН 7 бала туылған. Жетеуі де ПАИГАМБАРИ. ХЗРИ ПАИГАМБАР да осы ХАУАНАНЫҢ баласы. Өз ұлдарынан басқа 32 ұлды тәрбиелеген ХАААБИБАТИДЫ жұрт ХАУМТИ АНАҒА айналдырған. АДАМ-АТА мен ХАУАНАНЫҢ бірінші үйлері қазіргі ЧОҢКЕМИН иелігінде болыпты. Бұның көне дәуірлік атауы: ЧАААНГИ КААА-МАААНКАТИ, қазіргі қос КАМЕНКА осыдан бері келе жатқан зор тарихи орын. Орыс тіліне оның қатысы жоқ. Қайта екі таңбасы өзгеріп, қатаң дыбысты «к»-мен байланысты болыпты. Дұрыс айтылуын еске алсақ: ХАААМАААНХАТИ.

Күміс зереншенің 26 ТАҢБАСЫ 31 мәселені бізге әкелгенін айттық қой. Содан үстіңгі бесеуі ғана таза физикадан. Төртеуі мұнай мен тас көмірдің бүгінгі мен ертеңгі табиғатына қатысты ғылыми теориядан тұрады. Бес түрлі мәселесі металлургияның келешегіне тиесіліден. Мақтаға қатысты бір мәселе бар. Жүгері жайындағысы да біреу. ХМЗТИ түрлерін сөз етіп, оның болашағына берген ғылыми кенесі де бір мәселе ретінде саналды дейміз. Балалардың тәрбиесіне арналған екі түрлі шығармасы аталып тұр.

Отбасының қамы үшін баяғы ГУННИТИЛІК дөңгелек үйлерді жаңғырту мәселесі де сөз болған. Адамзаттың алдында тұрған анау катаклизм түнінде осындай үйлер бізді сақтап қалмақшы. Өзге үйлерге сенім жоқ. Барлығы да құлап басады. Планетаның екі Полюсі орын алмастыруға дейін жететін күшті сілкіністе ештеңе де төтей алмастай. Гуннилік дөңгелек үйлер төтейді екен. Бағыдағы ауыр сынақтардан жақсы өткен сол үйлерді кім келіп жердің астына қарай бүтіндей түсіртіп жойды? ПӨК ПЕРШТИЛЕР жойыпты. Адамзатқа жау болып тиген ПӨК ПЕРШТИЛЕРДІҢ жасамағаны қалмапты. Соларға арналған халықтың лағнеті анау үлкен АРАСАННЫҢ сыртқы жағында жазулы тұр. Туристер өшіріп кетпесе әлі тұрған шығар. Былтырғы көрінісі өте айқын еді.

1 қыркүйек, 2003 жыл.



пақ болып қырнатқан сияқты. Қасында отырған қазіргі иесі бұл пирамиданы білмейді. Білген сәтте ақтарыты анық. Жай төбешік болып жатқан Қожанасырдың қорғанын қолымен бұзған кісілер дайын тұрған пирамидаға қызықпай ма? Есігі тұрған жақтан сыртын ашса, тіпті де оңай кіреді. Қоржын бастың екі жағын тіңтисе бітті. Ондағы 22 денеден қорықпастай қимылға дереу көшеді. Гауһар тасты дүниелерден кім тайынсын?

Қоржын басты етіп жасалған қос пирамиданы жас шыммен орап жасырған екен. Аспаннан найзағай түсіріп құртатын болған соң сөйтіп жасыруға мәжбүр болған. Кез келген құрлықта пирамида орнатуға Аспанның Иесі рұқсат бермейді. Бар болғаны үш орынға кеңшілік беріп жасатқан. Олардың бәрін де осындай Паиғамбари Атимдер барып тұрғызып келген. Сондықтан да «эллиндік пирамидалар» болып аталуда. Эллинидің көне атауы жазулы тұр. «Ізсіз жоғалып кеткен эллиндер» бүгінгі біздің арғы ата-тегіміз болып шықты. Будданың жартастағы жазулары осыны айтуда. Физика маманы бізге ешқандай

жаңадан келіп енді ғана тыңын игермекші жас ХАААЗААХТИГЕ өте қиын болған. Үш жақты жау бірден тиісіп титықтатқан. Оның біреуі аспандағы көп ПЕРШТИДІҢ топтары. Әр ПЕРШТИ өзінше тәжірибе жасап құлдануға кіріседі. Батпаққа аунағып жүріп, батырып өлтіретін де ПӨК ПЕРШТИ АСПАН ішінен ықпал еткен. Сасық тұманда үзбей ұстап, қалың елді 5-6 жылдан тұншықтырған да ПӨК ПЕРШТИ болыпты.

Биосфераны тұтастай жек көріп, бәрін де солай біртіндеп өлтірмекші ПӨК ПЕРШТИЛЕРДІҢ үлкен жоспары әлі де жалғасуда екен. Қанды соғыстарды өршітіп, екеуара қалыңдықты көбейтуші деп солар. Ми жүйеге үстіден ықпал етіп қағындырады. Төбелестіреді де, пышақтатады. Ұрыс-керістерді жасатқызады. Бәрі де осы биосфералық өмірге деген қарсылықтан. Биосфераны тезірек тоздырса, Планетаны да дереу жоятындай ерегісте жүр.

Алтын адамның жатқан жері үш қабатты екенін біздің археология білген бе еді? БУДДА жазуы бойынша қарасақ, бұл орынның астында тағы да 13 кісінің сүйегі

(Соңы. Басы №95-96 сандарда)

Алтын адамның кереметі сол, тізіле берілген 26 таңбадан керекті сөйлемдерін қалай шығарып алуға боларын ашық көрсетіп қойыпты. Бізді бірден тартқаны сол еді. Оп-оңай түрде алғашқы сөйлемдерін шығарып алдық. Одан арғысы да дәл солай оңай тиеді деп үміттенгенбіз. Онымыз бекер болды. Матлогика жетіккіремей әбден қиналды. Бар қиындық содан басталды. Шашты ағартқаны осы матлогика. Еніретті.

Он үш жылдың әрбір минуттары қатаң есепте тұр. Еніреп отырып минуттарды санаған кез өтті. Түн мен күн ұласқан тоқтаусыз ізденістер артта қалды. Ол тозақтан шығамыз деп ойламаған едік. Мәңгілік байлауда сөйтіп қалатын секілдісің.

Алтын адамның мәселесі өте күрделі де ауқымды. Ол берген сөйлемдердің әрқайсысы 49 қабаттан тұрады. Баяғы Хаңли тил жүйесі бойынша сондай күрделі екен. Оның Тсипірі дегендері де сөйлей алады. Мысалы, 2 санын алайық. Бұның бүтінгісі: 2. Хаңли дәуіріндегісі: Z – екеуі де жетіскен жайды білдіріп тұр деменіз. Онысы «эк» ықпалымен болған. Біздің «екі» деп жүргеніміз: «эк» – үлкен Әлемнің ықпалындағы ортақ ритмде әсер етеді. Бүге-шігесін ашып жазсақ, бір томдық көлемді алады. Әрбір Цифридың информативтілігі сондайлық, кісіге жазған хатты да тек цифрмен жібере салуға болады. Ол түгүлі Тас дәуіріндегі Хаңли геометриясымен Банити өлең жазуға мүмкіндік болған. Алтын адамның жазуы сілтеген орындарға барып тексергенде соған куә болдық. Геометриялық фигураларды тізіп беріп мақал-мәтелдерді түсірген. Жартасқа салынған әрбір бейне солай сөйлейді. Әр суреттің орны бөлек. Әрбір таңбасы соншалықты мазмұнды.

Күміс зереншедегі 26 Таңбадан алған мәліметтер бізді физик ретінде жетілдіре түсті. Математикалық параметрлеріне өзгеше көзбен қарауды үйретті. Күтпеген жерден тарихшы етіп алды. Ойламаған геологияға да үндіріп келді. Жертану дегеннен ауылы алыс физик болсақ та, Планетаны танып-білуге



ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Өмірәлі ЖАЛАИРИ,
заң ғылымының докторы,
профессор:

«Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету... Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң – кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЗАҢДЫ ҚАТАҢДАТПАЙ, ТӘРТІП ОРНАМАЙДЫ



Қазақ тілінің қолданылуын қадағалау маңызды

– Алматыда қазақ тілінде талап-арыз беру қаншалықты жолға қойылған деп ойлайсыз?

– Алматыда бола ма, басқа өңірде ме, әйтеуір сотқа жүгінген адам өзі бастама көтеріп, қазақша арыз жазса дейміз. Себебі, арызды қай тілде берсе, сол тілде қаралады. Өз қазақтарымыз бәрін түсініп, қазақша жазуы керек. Егер қазақ тілінде іс жүргізуді талап қылсаңыз, талабыңыз орындалады. Барлық мәселе сіз бен бізге байланысты болып тұр.

Жақында ғана сотта болдым. Сонда адвокат байқамай орыс тілінде арыз беріп қойыпты. Соттан сұрасам, орысша берілді, сондықтан орыс тілінде істі қарайтындарын айтты. Міне, тілге салғырт қараған өзіміз кінәліміз.

– Заңды қашан қазақша сөйлетеміз?

– Қазір Мемлекет басшысынан бастап, заң шығарушы органдарға дейін – бәрі қазақшаға бейім. Барлық мәселе өзімізде. Енді әр мекеме, әрбір ұйым – бәрі-бәрі қазақша сөйлеп, қазақ тілінде іс-қағаз жүргізуге тиіспіз. Жақында Өзбекстанда болдым. Өзбек ағайынның елінде өзбек тілі салтанат құрып тұр. Біз де қазақ тілінің мерейін үстем етейік. Мемлекеттік тілді білмейтін адам мемлекеттік қызметке тағайындалмауы тиіс. Үлкен тұлғалардың бала-шағасы, немересі өзге тілде сөйлеген соң, өзгеден не сұрайсыз?! Балабақша, мектеп, университетте қазақшаны меңгеріп сайрап шығуы керек.

Біз Алматыға сот қызметіне кірісетін судьядан қазақ тілін білуін талап қыламыз. Өйткені, қалалық қоғамдастықтың мүшесі болғандықтан, мемлекеттік тілді білуді міндеттеп сұраймыз. Міне, осылай тілге жанашыр болсақ, ұтарымыз көп. Қазақшаны қадағалап, әр мекемеден сұрап, есеп алып отыру қажет. Сонда ғана қазақ тілінің мерейі үстем болып, тұғырына қонады. Парламентте заң тек қазақ тілінде қабылданып, содан соң басқа тілдерге аударылса болады.

Қытайда Жоғары Соттың жанынан арнайы қытай тілін қадағалайтын институт құрылған екен. Яғни қытайтанушы, филолог, қытай тілінің мамандары сот шығарған шешімді, корей, жапон, ағылшын тіліне тәржіма жасайды екен. Бізде Қазақстанда қазақ тіліне басымдық берсек, кім кедергі болады?! Ол үшін «Қазақ тілі туралы» арнайы заң керек. Сондай-ақ, сол заңның орындалуын қадағалайық.

Ата Заңның 7-бабының 1-тармағында

Алматыда әртүрлі саланың мықты мамандары жетерлік. Сондай-ақ, түрлі қоғамдық игі ұсыныс пен жаңашыл бастамалардың біразы осында көтеріледі. Естеріңізде болса, биылғы Президент Жолдауында заң мен тәртіпке де баса назар аударылды. Әділетті Қазақстан бойынша заң үстемдігін орнату идеялары да көтеріліп жүр. Осы тақырыптар бойынша елімізге белгілі заңгер, ҚР Жоғары мектеп академиясының академигі, ҚР Президенті жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің мүшесі, ҚР Криминология қауымдастығының президенті Өмірәлі ЖАЛАИРИДІ әңгімеге тартқан едік.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп тайға таңба басылғандай, шегеленіп жазылды. Қазаққа «ауру қалса да әдет қалмайды» деген аталы сөз кезігеді. Баяғы әдет бойынша орысшаға құмармыз. Көшеде екі қазақ бір-бірімен өзге тілде шүлдірлейді. Бұл жанға батады. Көбіміз ресми тілге қарай бет бұрып, жиналыстарды сол тілде өткіземіз. Бұлай болмайды. Біз мемлекеттік тілді қадірлеуіміз керек.

«Билер сотын» енгізетін уақыт келді

– Қазір қоғамда қазақтың «Билер сотын» енгізу қажеттігі жайлы әңгіме көп...

– Орынды мәселе! Тәуелсіздіктің орнауына зор септігі тиген заңғар заңгер, академик Салық Зиманов ағамыз еді. Ол кісі «Билер сотын» енгізу туралы бастама көтерген-тұғын. Біз де қолдағанбыз. Бұрын Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғы» заңдар жинағы тарихта болған. Билер даудайды, «жер мен жесір дауын» шешіп отырған. Уағында Үш жүзде Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би дау-жанжалға жібермеді. Міне, қазақтың ата жолы осындай еді. Соған қайтып келетін кез жетті ғой. Батысқа еліктей беруді доғарайық. Одан ша ұлттық діңгекке қайта барайық.

Осы күні сотқа дейінгі «Медиация» деген пайда болды. Одан да соны «Билер соты» деп атаған жөн. Еуропаға еліктеп, медиация деп атағаннан түк шықпайды. АҚШ, ЕО және басқаға еліктегеннен гөрі, өткен тарихтың жақсы көделі тәжірибелерін қайта кіргізу керек.

Мысалы, біреу 1 қой ұрлап кетсе, оны 4-5 жылға соттап жіберуі мүмкін. Ал «Билер соты» негізінде 1 қой ұрланса, құнын 3-4 қоймен қайтаратындай ете аламыз. Қазір абақты жазасын өтеушілерге толып кетті. Елді ұсақ-түйекке бола түрмеге тоғыта бергеннен іс өнбейді. Түрме пендені түзмейді. Бірақ ауыр қылмыс жасағандар жазадан жалтармауы тиіс.

Құн төлеу принципін қайта қалпына келтірсе болады. Өйткені, ел бюджетіне шығын келтіріп, жемқорлықпен айналысқандар бірнеше еселеп қазынаға қайтарғаны дұрыс.

Біздің арман – Конституцияны қазақтың өмір салтына байланысты негіздеп қайта жазып шықса қуанар едік. Баяғы билер «Тура биде туған жоқ» деген кесіммен үкім шығаратын. Ата-бабаларымыз «ақты ақ, қараны қара» деді. Бүгінгі таңда Алматыға қарағанда, «Билер сотын» қазақ ауылдарда, Атырау, Ақтау сияқты қазақ өңірлерден бастау керек. Уақыт оздыра берудің еш пайдасы жоқ. Қазір заңмен шектемей-ақ ішімдіктен бас тартуға қатысты мәселе көтерілген ауылдар пайда болып жатыр. Бұл бізді қуантады. Арақ болмаған жерде қылмыс бола қоймайды.

– Әр отбасы өз мәселесін өзі шешкені дұрыс па?

– Қазақ өзінің ұлттық тәрбиесіне қайтып келмей, қоғамның оңалуы қиын. Батыстан келген үрдіс бойынша «Отбасылық зорлық-зомбылық» туралы заң үнемі көтеріліп келеді. Әй біздің қазақы таным-түсінікте әкенің беделі, шешенің жылуы, баланың орны ұлттық бітім-болмысқа сай белгіленген еді ғой. Сан ғасырдан бері «Әке – асқар тау, ана – қайнар бұлақ, бала – жағадағы құрақ» қағидаты бар. Осы ұлттық негізден ажырамайықшы. Сыртқа еліктейміз деп, сілікпеміз шықты. Біз неге үнемі заң-зақонды сырттан көшіре береміз. Одан да қазақ өзі өзгелерге үлгі болса дейміз.

Сенім телефонына бала ата-анасын жамандап, оны полиция алып кетіп, соттап жібере берсе, неміз қалады. Жанұяның жылуы қатып қалған заңның қатпарларында емес, өзара сыйластықта.

Заңгер де адамгершілік қағидатын меңгеруі тиіс

– Білікті заңгерлерді қалай дайындаймыз?

– Қазақстанда 60-қа жуық ЖОО-да заңгер мамандығы бар. Бұрын Алматы мен Қарағандыда ғана заңгерлер дайындалатын. Бүгінде олардың саны артып кетті. Біз санға емес, сапаға мән берейік. Әр заңгер қазақ тілінде білім, дәріс алса дейміз. Қазақтың «Билер сотын» біліп, ұлттық болмысты бойына сіңірсе екен. Әйтпесе, жазға тартып, айыппұл салуды бәрі біледі ғой. Ең әуелі заңгер болатын адам адамгершілік қағидатын меңгеруі керек. Заңгердің қолында адам тағдыры тұруы мүмкін. Обал-сауапты білсе, адам қателікке бара қоймас. Мәселе дипломда емес, өмір тәжірибесі мен біліктілікте деп білеміз.

Сонымен қатар, мектеп пен жоғары оқу орындарында «құқықтану негіздері» деген пән міндетті болуы шарт. Заңды білмегендіктен жаңылыс басқан адам жауапкершіліктен құтылмайды. Егер бала жас күнінен заңды білмесе, онда одан қандай адам, нендей маман шықпақ. Осы жағына көңіл бөлейік.

Оқу процесіндегі «Боллон жүйесі» әбден есеңгіретіп тастады. Бұрын заң ғылымының докторы, білгірі болуы үшін кандидат, докторлық қорғайтын. Қазіргі таңда оның біреуі де жоқ. Үш сатылы білім жүйесі – бакалавр, магистратура, PhD докторантураға міндеттеп қойды. Екі жоғары білім жүйесін көрші елдердегідей қатар қолдансақ, білікті мамандар тобы пайда болар еді.

Онлайн айыппұл жазуды доғару керек

– Айыппұл арқалата бергеннен не табамыз?

– Ең әуелі халықтың наразылығын тудырып алмау керек. Жұрттың барлығын жауапқа тартып, айып төлетіп, жүрген-тұрғанын анди беретін болсақ, түбі опа бермейді. Бүгінде «Сергек» камерасы жол қателігін жасаған жүргізушіге онлайн айыппұл жаза салады. Адамның тағдырын компьютерге сеніп тапсыруды қою керек.

Алматыда көлік көп. Халық тығыз қоныстанған. Автотұрақтың жағдайы мәз емес. Көлік сыймағандықтан, көлік айдаушылар амалсыздан машинасын жол жиегіне қалдыруға мәжбүр. Ал тәртіп сақшылары мұны көріп, айыппұл салады. Негізгі әуелі ескерту жасаған дұрыс. Тым ырыққа көнбесе барып, айыппұл салса болады. Шет елдерде полиция халықтың досы. Қазақ полициясы ұлтымыздың тірегі болып, өте мәдениетті, сыпайы, адамгершілігі мол болса дейміз. Сондай-ақ, ұры-қарының, қылмыскердің жолын кесетін кәнігі тәртіп сақшысы керек қоғамға. Соттар тәуелсіз шешім қабылдаса, нұр үстіне нұр.

Өткенде жаңадан көлік алып едік, соның техникалық төлқұжатының мерзімі өтіп тұр екен. Өзіміз таңқалдық. Ал уақытында көлігіңізді техникалық байқаудан өткізбесеңіз, 800–900 мың айыппұл төлеттіреді екен. Бас-көзге қарамай бұлай айыппұл арқалатуға болмайды ғой. Белгілі заңгер маған сөйтіп тұрса, қарапайым адамның жағдайы мүлдем ескерілмейді деген сөз ғой. Бұл – ұят іс! Халық өзі әзер кредитке көлік алып, бала-шағасын бағып жүргенде, жан-жақтан қыспаққа алмайық. «Шаш ал десе, бас алатынның» кері келіп жүрмесін. Халық болмаса, мемлекет негізі жоқ.

– Қоғамдағы ауыр қылмыстың жолын тұсаулаудың бағыт-бағдарын қалай бағамдайсыз?

– Бір немесе бірнеше адамның өмірін қиған қылмыскерді жазалаудың бір ғана жолы бар. Ол – «өлім жазасы». Қаскөй қылмыскер бала демей, қарт демей ойланбай, бір отбасының өмірін қиып, ізін суытып кетеді. Қолына қару алып, көшеде қыргын жасайды. Ал ондайлар өмір-бақи бас бостандығынан айырылады-мыс! Әй, адам өлтірген қандықол қарақшыны түрмеде сіз бен біздің салығымызға 20-30 жыл бағып асыраудың не қажеті бар. Тіпті, дамыған державалар АҚШ, Қытайда ауыр қылмыс жасағандар ату жазасына кесіледі. Ал біз Халықаралық ұйымдардың қас-қабағына қарап, ең жоғары үкімді шығара алмай отырмыз. Қылмыскерге заңды қатандатпай, қоғамда тәртіп орнамайды.

Жаңа, әділ қоғам орнауы үшін бәріміз атсалысайық!

«Түркі соты» құрылуын қалаймыз

– Түркі халықтарына ортақ сот төрелігін құруға бола ма?

– Әлбетте! Дүние жүзінде «Гаага соты», «Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот» жұмыс істеп тұр. Әділдік іздеген адамдар соған жүгінеді. Дәп осындай жолмен «Түркі соты» құрылуы тиіс. Қазақстан, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Түрікменстан елдері бірлесіп, түбі бір түркі елдерінің ортақ сот жүйесі қалыптаса екен дейміз. Түркі жұрты бірлесіп, өзінің ата-діңгегін зерделеіп, ұлттық менталитетке бет бұрса ғана, әділдік орнайды деп ойлаймыз.

– Әңгімеңізге көптен-көп рахмет!

Әңгімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ГЕОСАЯСИ АХУАЛ ЖӘНЕ МЕДИАНАРЫҚ

IV Халықаралық Түркітілдес журналистер медиа-форумынан кейінгі ой

Алматы қаласында қарашаның 11-12 күндері IV Халықаралық Түркітілдес журналистер медиа-форумы өтті. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан форум бұл рет «TURKTIME: Түркі елдерінің медиа және туризм бірлігі» деген тақырыпты көтерді. Бұған дейінгі басқосулар тілі жақын елдердің медиа бірлігін басты тақырып етсе, бұл жолы түбі бір түркінің туризм саласын ортақ дамыту мәселелері де сөз болды. Сонымен бірге, журналистика саласының жаһандағы жаңа трендтер, алға басар идеялары да осы алаңда ортаға салынды. Шаһарымызда әлемнің түкпір-түкпірінен, республикамыздың жер-жерінен жиналған түркі баласы медиа және туризм жайын ту етіп, екі күндік іс-шараны табысты аяқтады. Міне, сол жиынның жай-күйін, жаңалығын басылым оқырмандарына ұсынбақпыз.



Он жылдың жемісі

Әлемнің саяси картасында түркі елдерінің шекарасы Анадолы жұртымен аяқталғандай көрінеді. Ал шын мәнінде түркі тілдес қауым бұдан да кең мәдени кеңістікті игеріп отыр. Қаламызда өткен түркі тілді журналистердің халықаралық форумы да осыны айғақтағандай болды. Себебі, форумға түркітілді әріптестеріміз сонау Британия мен Германиядан тартып, Түркия, Әзербайжан, Солтүстік Кипр қатарлы елдерден жетті. Сондай-ақ, көршілес Өзбекстан мен республикамыздың әр өңіріндегі әріптестер бас қосты.

Дәстүрлі жиын қазірге дейін отандық журналистер мен бауырлас елдердегі әріптестер арасында тәжірибе алмасу алаңына айналып үлгерді. Ал оған Түркітілдес журналистер қоры бастамашылық етіп келе жатқанын айтпай кетсек әбестік болар. Оның үстіне, кезекті халықаралық форум аталмыш қордың құрылғанының 10 жылдығына орай өтіп жатқаны тағы бар. Салтанатты ашылу рәсімінде сөз алған қор жетекшісі, белгілі журналист Нәзия Жоямергенқызы жобаның 10 жылдан бері атқарған қызметімен, жеткен жетістік мен жүзеге асқан бастамалары жайында баяндап өтті. Түркітілдес журналистер қорының және Дүниежүзілік шетелдік баспасөз ассоциациясының президенті Н.Жоямергенқызы қор атынан құрметті қонақтарға Алғыс хаттар табыстады.

Салтанатты ашылу рәсімінде сөз алған Түркия Республикасының Алматыдағы Бас консулы Эврен Мүдеррисоглу, ҚР Парламент Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп сынды мәртебелі қонақтар тұран жұртындағы медиа өкілдерінің басын қосқан шараның маңызына тоқталып, форумға сәттілік тіледі. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева-ның арнайы құттықтау хатын министрлік өкілі Нұрбигі Нұрғалиқызы жеткізіп, қордың табысты он жылдығымен құттықтаса; Алматы қаласы әкімдігінің өкілі де қала басшылығының қолдауы мен жылы лебізін жеткізді.

Түркі әлеміндегі туризм

Форум алғашқы пленаралық отырысын «Түркі елдеріндегі туризм және PR» тақырыбына арнады. Отырыс спикері ретінде «Түркі мәдениеті мен мұрасы» қорының президенті Ақтоты Райымқұлова түркі мемлекеттеріндегі мәдени мұраларды қорғау, дамыту істерінің қазіргі аяқалысын, алдағы жоспарын таныстырды. Ақтоты Рахметоллақызы сөзінде тәуелсіз түркі мемлекеттерінің ортақ мәдени кеңістігін, мәдени мұралары мен құнды жәдігерлерін бірлесе қорғап, дамытудағы ынтық көңіл қуантарлық деңгейде екенін атап өтті.

Түркі жұртындағы туризм бірлігін сөз ете

отырып «Еуразия мәдениет және спорт ынтымақтастығы» қорының президенті Ахмет Түзүн әлем елдеріндегі туризм саласының жаңа тенденцияларын да шолып шықты. Айталық, қазір туризм саласында спорт, денсаулық сақтау және діни туризм табысты тармақтар болып тұрғанын, түркі мемлекеттері осы тармақтарды бір ортақ жүйеге келтіре алса ішкі-сыртқы туризмнің дамуы үшін тың серпін берерін айтты. Отандық және шетелдік спикерлер туризмді дамытуға аталған елдердің медиа және PR мүмкіндіктерін бірлестірудің маңызды екенін айрықша атады.

Ортақ ақпарат кеңістігі – бірліктің басты кепілі

Қазіргі таңда түркі елдері интеграцияны ілгерілетіп, мәдени-гуманитарлық, сауда-экономикалық байланыстарын дамытуға күш салып келеді. Алайда, жасарары жоқ, осы тамырлас елдер қазірдің өзінде бірнеше ақпарат кеңістігіне бөлініп қалған. Форумның екінші пленаралық отырысында дәл осы түйткілді мәселе де қозғалған болатын. «Түркі елдеріндегі геосаяси ахуал және медиа нарық» деп аталған бұл сессия түркі жұртының ақпарат кеңістігін біріктіру мен ортақ ақпараттық платформа жасақтаудың маңызы сөз етті. Сессияның тізгінін «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы ұстап, елге белгілі саясаттанушылар сөз алды.

Талқы барысында белгілі саясаттанушы Асхат Касенғали түркі елдерінің бірнеше ақпараттық кеңістікте бөлініп отырғанын саралап көрсетті. Айталық, Түркия, Әзербайжан, Солтүстік Кипр сынды батыстағы түркі жұрттары бір бір бөлек ақпарат кеңістігінде. Орталық Азияда Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстанның ақпарат кеңістігі ортақ. Ал бейтараптық позицияға басымдық берген Түрікменстан дербес бір ақпараттық кеңістік өкілі саналады. Бұдан тыс Ресей мен Қытай ішіндегі дербестікке ие емес түркі текті халықтар болса сол елдердің ақпарат кеңістігіндегі өнімдерді тұтынып келеді.

Аталған сессияның спикері ретінде басылымның сарапшысы Нұрболат Нышанбаев түркі елдеріне ортақ ақпараттық платформаның маңызын айырықша атап өтті. Сарапшылардың пікірінше, ұзақмерзімді ынтымақтастық бағытында медиакеңістіктерді жақындату және жалған ақпараттарға қарсы ортақ күрес – мәдени-гуманитарлық интеграция мен қауіпсіздік үшін аса маңызды.

ЖИ және болашақ медиа

Медиа майталмандары бас қосқан жиында жасанды интеллект сынды жаңа технологияның салаға болған әсері тақырыптан тыс қалған жоқ. Жасанды интеллект және жаңа

форматтарды белгілі журналист әрі IT маманы Мейіржан Әуелхан бастаған нағыз сала мамандары талқылады. Форум қатысушылары үшін аса қызықты бұл отырыста болашақ медиа саласына жасанды сана қалай ықпал етуі мүмкін деген басты сұраққа жауап іздеді. Жаңа технологияның бұл саласын күнделікті өмірде қолданып жүрген спикерлер өз өміріндегі өзгерістерді мысал ете отырып, журналистер қауымына таяу болашақтағы медиа нарығының өзгерістері туралы болжамдарымен бөлісті. Спикерлердің басым көпшілігі тұжырымдағандай, таяу онжылдықта медиа саласы ЖИ көмегімен үлкен өзгерістерді бастан кешіреді. Бұл үрдістің бастапқы деңгейі қазір біз таңырқай қарайтын ЖИ өнімдері болса, алдағы уақытта тұтас медианарық аталған жаңа технологияға қарай бейімделе түседі.

Дегенмен, сарапшылар арасында медиа және ғылым саласындағы жасанды контенттердің көбеюі адамдардың табиғи контент өнімдеріне деген сұранысын арттыруы, ал бұл тенденция түбінде адамдардың табиғи сана өнімдеріне қарай жаппай бетбұрысын жаратуы мүмкін деген идеяларды да ортаға салды.

Өңірлік БАҚ өміршендігі қалай?

Медиа мен туризмді талқы еткен жиын жаһандық тенденциялардан тартып, өңірлік БАҚ тағдырына дейінгі тақырыптарды қамтыды. Соңғы сессия отырысы тура сол аймақтардағы бұқаралық ақпарат құралдарының тап болған мәселесін, бәсекелестік жағдайын саралаған еді. Спикерлер қатарында «Жетісу» телеарнасының Бас директоры Серік Әбікенұлы, «Ақжелкен» журналының Бас редакторы Есей Жәнісұлы және «Теміртау тынысы» газетінің Бас редакторы Нұрлыхан Қалқаманұлы сынды нағыз өңірлік БАҚ өкілдері сөз алды. Сала майталманы С.Әбікенұлы аймақтардағы ақпарат құралдарының түйткілді түйіндерін тарқата сөйледі. Сала жетекшісі ұлттық өңірлік журналистиканың маңызы турасында өз пікірін ортаға салды.

Тіпті, бұл кейбір өңірлерде шекара қауіпсіздігінен тартып, ұлттық және ақпараттық қауіпсіздік мәселесіне саятынын, бұған жеткілікті көңіл бөлу керек екенін алға тартты. Ел азаматтарын ақпаратпен қамтуды толық жүзеге асыру үшін аудандық газеттерді қайта жандандыру бастамалары бар екені де осы жиында мәлім болды.

Жасанды интеллектті қолдану

IV Халықаралық Түркітілдес журналистер медиафорумы саладағы өзекті мәселелерді талқылап қана қоймай, журналистерге

тәжірибелік семинарларды да қоса қамтыды. Халықаралық форумның екінші күні әр өңірден жиналған журналистер жасанды интеллектті қолдану бойынша семинарға қатысты. Онда журналистерге қазір қолданыстағы және ең танымал деген ЖИ қосымшалары және олардың мүмкіндіктері таныстырылды. Сондай-ақ, ЖИ-ді медиа саласына қалай қолдануға болатынын, олармен видео, аудио контенттерді қалай жасауға болатынын бойынша нақты тәжірибелер көрсетілді.

Семинарға қатысқан әріптестеріміздің бірі Тұрсынай Шаментова мынадай пікірімен бөлісті: «Жасанды интеллект» тақырыбындағы тренингтен заманауи қосымшалар туралы көп мағлұмат алдым. Көппен бірге талпындық. Барлығыңызға таныс ChatGPT-дің өзі бір әлем ғой. Ал Heugen дегенді бірінші рет қолданып көрдім, кез келген адамды эмоциясымен бірге өзге тілде сөйлете аласыз. Яғни видеосымен бірге аударма жасай аласыз деген сөз. Осы және өзге де біраз дәріс алдық», – дейді әріптесіміз.

• Айта кетейік, аталған форум ақпаратты тұтыну әдетінің өзгерген кезеңінде және дәстүрлі медиаға қатар әлеуметтік желілердің ықпалы артып тұрған кездегі журналистиканың табиғатын пайымдау тұрғысынан мәні зор шара болды. Бұған қоса, жасанды интеллект сыны, жалған ақпарат дауылы қатарлы мәселеге түс келген қазіргі медианың беталысы жайында ой алмасуға тиімді алаң болды.

Елдің әр өңірі мен алыс-жуық шет елден келген әріптестер Алматы сынды шолпан шаһардың туристік әлеуетін де тағы бір мәрте сезініп қайтты. Түркі әлемнің түрлі салада өзара кіріге түсуі қазіргі геосаяси жағдайдың қажетінен туған тағы бір интеграциялық бағыт. Осыны ескергенде кезекті медиа-форум әлемнің әр түкпіріндегі түркітілді әріптестерімізге Алматының ақжарма сәлемін де жеткізеді деген үміттеміз.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



НАҚТЫ СЕКТОР

ИНВЕСТИЦИЯҒА ҚОЛАЙЛЫ МЕКЕН

Мегаполисте іскерлік белсенділік артып келеді



Сонымен қатар, қаладағы ШОБ өкілдері үшін инфрақұрылымды жақсарту, әкімшілік кедергілерді азайту және бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін түрлі шаралар қолға алынды. Қаладағы шағын бизнестің өсуіне қарай, ол тек экономикалық жағынан ғана емес, сондай-ақ қала өмірінің әлеуметтік аспектілерін жақсартуға да өз үлесін қосады, бұл Алматының жалпы экономикалық дамуына оң әсер етеді.

Туризм әлеуеті артты

Алматының туризм саласы соңғы жылдары қарқынды дамып, халықаралық деңгейде танымал туристік бағытқа айналды. Мәселен, биыл Алматы The New York Times-тың әлемдегі баруға міндетті 52 орын тізімінде 25-ші орынға енді. Бұл тізімге кірудің басты себептері – қаланың бірегей мәдениеті, көркем табиғаты және заманауи инфрақұрылымы болды. Рас, Алматының көруге тұрарлық жерлері мен гастрономиялық мекемелері шетелдік қонақтарды шынымен қызықтырады.

Туристер үшін тау шаңғысы курорттары ерекше тартымды нысандар екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан қала маңындағы тау-шаңғы курорттары мен табиғи көрікті жерлер шетелдік қонақтарды тартудың маңызды факторлары. Бүгінде туризмнің барлық маусымдарда қызықты болуын қамтамасыз ету үшін қаланың қысқы демалыс орындарын, соның ішінде «Шымбұлақ» сияқты курорттарды танымал ету шаралары жүргізіліп жатыр.

Бүгінде аталмыш саланы дамыту үшін қажетті инфрақұрылымға ерекше көңіл бөлінуде. Айта кетейік, туризмнің үлесіне қаланың салық түсімдерінің шамамен 5%-ы тиесілі, ал бұл салада 80 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған.

Цифрландыру және инновация

Алматы қаласы цифрландыру мен инновацияға ерекше мән беріп, осы бағытта белсенді жұмыс жүргізуде. Қалада іске асырылып жатқан Almaty Smart City тұжырымдамасы аясында цифрлық сервистерді енгізу, қауіпсіздікті жақсарту, басқару шешімдерін оңтайландыру, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылымды цифрландыру бағыттарында жобалар қолға алынды. Алматының Digital Twin жобасы қаланың цифрлық егізін жасау арқылы инфрақұрылымды модельдеп, тиімді басқаруға мүмкіндік беруде. Бұл технология қала кеңістігін ақылды және тиімді етуді көздейді.

Қала цифрландыру мен инновацияға басымдық беруде. Алматыда технологиялық орталықтар, IT-хабтар және стартаптар дамып келеді, бұл қала экономикасын әртарап-тандыруға және жоғары технологиялық салаларды дамытуға ықпал етеді.

Алматыда жыл сайын өтетін Digital Almaty форумдары Қазақстанның және Орталық Азияның цифрлық экожүйесін дамытуға елеулі үлес қосады. 2024 жылы форумға 30 мыңнан астам адам қатысып, IT және цифрландыру саласындағы заманауи шешімдер ұсынылды. Форум аясында халықаралық сарапшылар, стартаптар, инвесторлар, сондай-ақ аймақтық цифрлық жобаларды қолдаушы ұйымдар өзара тәжірибе алмасты.

Сонымен қатар, инновациялық технологиялар мен цифрландыру саласындағы маңызды бастамалар, мысалы, білім беру мен денсаулық сақтау нысандарына кешенді қауіпсіздік жүйелерін енгізу де жүзеге асырылуда.

ТҮЙІН:

Жалпы алғанда, Алматы экономикасының дамуы әртараптандырылған стратегияларға негізделген. Бұл қала тұрғындарының әл-ауқатын арттырып қана қоймай, мегаполисті Қазақстанның ірі экономикалық орталығы ретіндегі рөлін нығайтуға бағытталып отыр.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



Бекнұр ҚИСЫҚОВ,
Еуразиялық франчайзинг қауымдастығы төрағасы,
Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

НЕГІЗГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДРАЙВЕР

Алматы қаласының экономикасы қазіргі уақытта тұрақты әрі қарқынды даму үстінде және ел бойынша көшбасшы болып тұр. Бүгінгі таңда Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің (ІЖӨ) айтарлықтай бөлігі Алматының үлесіне тиесілі. Сол себепті, Алматыны негізгі экономикалық

драйвер ретінде атауға болады. Қазір қала экономикасының басым бөлігін сауда, туризм, шағын және орта бизнес салалары құрап отыр. Дейтұрғанмен, бізде экономикада өңдеуші өнеркәсіп саласының үлесі төмен. Себебін өзіңіз білесіз, қазір мына зауыт-фабриканың көбін қала шетіне ыштарып жатыр. Оны өз басым дұрыс деп есептеймін. Алматыда негізгі зауыт көп болмауы керек. Есесіне, шағын және орта бизнес, сауда және туризм саласына басымдық беріледі. Біз соған концентрация жасауымыз керек. Себебі, бұл салалардың жаңа жұмыс орындарын ашуға және салық түсімдерін көбейтуге ықпалы зор. Алматы инвестиция тарту бойынша да жоғары көрсеткіштерге ие. Мәселен, бытыр тартылған инвестицияның 2 триллионы Алматыға тиесілі. Бұл жақсы көрсеткіш. Алматы жаңа белеске көтеріліп, дами беретініне сенімдімін.

тұрғындары мен қонақтары үшін өмір сүру сапасын жақсартуда.

Инфрақұрылым жақсарды

Алматы экономикасының дамуы бірнеше негізгі бағытта жүзеге асуда. Қала әкімдігі және мемлекеттік органдар экономиканың әртүрлі салаларына инвестициялар тартуға, инфрақұрылымды жақсартуға және жаңа жұмыс орындарын құруға басымдық беруде. Мәселен, 2024 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Алматы қаласының қысқа мерзімді экономикалық көрсеткіші 104,1%-ға дейін өсті. Бұл туралы қалалық Экономика басқармасы хабарлады.

Басқарма мамандарының айтуларына, «Алматының жалпы өңірлік өнімі жылдың бірінші жартысында 3,5%-ға өскен (Қазақстан бойынша – 3,2%). Экономиканың өсу драйверлері – көлік (+21,6%) және құрылыс (+11%) салалары болды. 2024 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша азық-түлік өнеркәсібіндегі өсім қарқыны қалпына келуде. Тамақ өнімдері өндірісінің индексі 2024 жылдың қаңтар айындағы 84,6%-дан 89,3%-ға, ал сусындар өндірісі 56,9%-дан 91,3%-ға дейін өсті», – дейді мамандар

Сондай-ақ, қыркүйек айында іскерлік белсенділік индексі 53,4%-ға дейін артты. Жалпы, 2024 жылдың қорытындысы бойынша Алматы экономикасының өсуі 5,5% деңгейінде, ал 2025 жылы 6,4% деңгейінде болады деп болжанып отыр. Мамандар бұл өсімге ең көп әсер ететін факторлар ретінде өнеркәсіп, сауда, көлік және логистика, ақпараттық-коммуникациялық қызметтер және құрылыс салаларын атап отыр. Олар сондай-ақ, қала инфрақұрылымына жеке инвестициялар артып келе жатқанын айтуда.

Мәселен, тек 2024 жылдың алғашқы айларында негізгі капиталға салынған жеке инвестициялар 360 млрд теңгені құраған екен. Бұған қоса, қала әкімдігі жаңа жұмыс орындарын құру, шағын және орта бизнесті дамыту, сонымен қатар туризм мен инновациялық технологияларды ілгерілету арқылы мегаполис экономикасының өсуін қолдауда. Алматының инфрақұрылымдық дамуы мен қызмет көрсету сапасының артуы қала

Тұрғын үй саласы белсенді дамуда

Алматының экономикалық өсуінің негізгі драйверлерінің бірі ретінде құрылыс саласын атауға болады. Ал оның ішінде тұрғын үй құрылысы ерекше маңызға ие. Бүгінде шаһарда жаңа тұрғын үй кешендерінің құрылысы артып, заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған тұрғын үйлер саны көбейуде. Құрылыс компаниялары клиенттер сұранысын ескеріп, аздабатты және қауіпсіз құрылыстарға назар аударуда. Мәселен, қазір жоғары сейсмикалық төзімділік сынағынан өтіп, тұрғындарға табиғат аясында жайлы әрі заманауи өмір сүру мүмкіндік беретін тұрғын үй кешендеріне сұраныс артып келеді.

Алматы қаласының экономикасы сауда, құрылыс, көлік, ақпараттық технологиялар, туризм және қаржы қызметтері секілді әртүрлі салаларға негізделген. Алып шаһар жалпы өңірлік өнімінің (ЖӨӨ) 20%-дан астамын құрайды. Ал бұл өз кезегінде ел экономикасына елеулі үлес қосады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



РУХАНИЯТ

Ақын, драматург және махамбеттанушы Берқайыр Сәлімұлы Аманшиннің 100 жылдығына орай тұрған үйінің қасбетіне мемориалдық тақта орнатылды. Бұл айтулы шара ақынның шығармашылық мұрасын жаңғырту және оны ұрпақ жадында сақтап қалу мақсатында ұйымдастырылды.



Бұл үйде
1971 - 1986 жылдары
көрнекті ақын,
жазушы, драматург,
Махамбеттанушы,
қоғам қайраткері
БЕРҚАЙЫР СӘЛІМҰЛЫ
АМАНШИН
тұрған

«АҚ АСПАННЫҢ АСТЫНДА...»

Биыл қазақтың біртуар ұлдарының бірі – ақын, драматург, махамбеттанушы, Ұлы Отан соғысының ардагері Берқайыр Аманшиннің туғанына 100 жыл толып отыр. Осыған орай, еліміздің түкпір-түкпірінде қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосып, соңынан мол мұра қалдырған қаламгерді еске алу шаралары қолға алынуда. «Алатау» дәстүрлі өнер театрында қалалық Мәдениет басқармасының қолдауымен «Ақ аспанның астында атың жүрсін жаңғырып...» деген атпен Берқайыр Аманшинді еске алу кеші өтті.

АҚЫННЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

Берқайыр Аманшинге арналған мемориалдық тақта ашылды

Ернұр
РЫСБАЙ

Салтанатты рәсімге Алматы қаласының мәдениет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, жергілікті тұрғындар және Берқайыр Аманшиннің туыстары қатысты. Бұл шараның мақсаты – қазақстандық әдебиеттің және өнердің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаны құрметтеу және оның шығармаларын насихаттау.

– Қазақ даласын жырлап, табиғатты тамылжыта көрсетіп, батырларымызды суреттеген, поэзия тілімен көркем жеткізген драматург Берқайыр Аманшиннің орны бөлек. Бұл елге қызмет еткен тұлғаларды назардан тыс қалдырмай, ұрпақтар сабақтастығын орнататын шара. Осындай бастамалардың арқа-

сында халық ұлы тұлғалардың еңбектерін елеп-ескеріп жатады. Бұл шараның өзі тарихи сәт, ұмытылмас күн. Ақындар туралы қанша жақсы сөздер айтсақ та жарасады, – деді Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халбеков.

Берқайыр Аманшин – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Ол өзінің шығармашылық жолында көптеген өлеңдер, прозалық шығармалар және пьесалар жазды. Әдебиетке деген зор сүйіспеншілігі оның жазған әрбір туындысынан көрініс тапты. Оның шығармалары қазақстандық оқырманның жан-дүниесін қозғап, ұлттық мәдениет пен тілді сақтауға шақыратын қуатты құралға айналды. Берқайыр Сәлімұлы өз шығармашылығында туған жерге, ұлттық құндылықтарға, тілге, дінге деген

құрметті көрсетіп, оқырмандарды рухани құндылықтарды бағалауға шақырды. Оның әдебиетке, драматургияға және қоғам өміріне қосқан үлесі халықтың жадында мәңгі сақталатыны сөзсіз.

Мемориалдық тақта – бұл тек бір адамның құрметіне қойылған белгі емес, ол қазақ әдебиетінің және мәдениетінің тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі. Осы ескерткіш-тақта – Берқайыр Аманшиннің шығармашылығы мен қоғамдық қызметін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің маңызды қадамы. Оның еңбектері мен идеялары қазіргі заманда да өзектілігін жоғалтпаған, өйткені ол шығармашылығында ұлттық рухты, Отанға деген сүйіспеншілікті ұлықтады. Берқайыр Сәлімұлы тек әдебиетпен шектелмей, қоғам қайраткері ретінде де елдің мәдени-рухани дамуына елеулі ықпал етті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Салтанатты шара сан қырлы таланттың жүріп өткен жолын қамтыған деректі фильммен басталды. «Алтын қорда» сақталған құнды дүние арқылы қалың көрермен елі үшін туған ердің өмірінің бір сәтінің де бос өтпегеніне куә болды. Бала Берқайырдың сезіміне әсер еткен алғашқы әдеби шығарма «Игорь полкы туралы сөз» еді. Осы жырдағы әйелдің зары Берқайырға ауылдағы қазақ әйелдерін елестетіп, қатты әсер қалдырады. Оның рухани дүниесін жаулап, жүрек түкпіріндегі бұйығы бір сырды оятқан жырды түгел аударып, Алматыға, Ғылым академиясына жібереді. Сол жыр Мұхтар Әуезовтің қолына түсіп, оң баға алады.

Бұл туралы қаламгердің өзі «...сәті түсейін дегенде Мұхтар Әуезовтің қолына тиіпті. Ғылым академиясының бір жиынында менің аудармалды ол кісі мақұлдап сөйлепті» деп жазған еді. Сол кітап 1951 жылы алғаш рет жеке кітапша болып шығып, әдебиетке осылай қадам басқан екен.

Қазақ өнерінің қарашаңырағы Абай атындағы опера театрының сахнасында

талай рет қойылған шоктығы биік «Махамбет» операсының либереттосын жазған да осы Б.Аманшин екенін біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. Енді бір сәт Ғ.Мүсірепов атындағы жасөспірімдер театрының актері Қуаныш Тұрғалин Берқайыр Аманшиннің бейнесіне еніп, оның ішкі жан-дүниесін, күйзелісі мен күрсінісін шебер сомдады.

Ақын өлеңдерін республикалық Елебеков атындағы колледж студенттері мен Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының студенттері нәшіне келтіре оқыды. Кеш барысында Берқайыр Аманшин сөзіне жазылған «Шолпан» әнін Тахауи Рахметов, «Айша қыз» әнін Айбек Мұхаметкали орындады. «Тамаша» театрының өнерпаздары Асылбек Боранбай мен Марат Көкөзов «Нағашы мен жиеннің» әзілін жаңғыртты. Астанадан арнайы келген берқайыртанушы Айгүл Ермекова 20 жылдан астам Б.Аманшинді зерттеп, оның арабша, орыс, неміс, француз тілдерін де еркін меңгергенін жеткізді.

Бұл ретте Герольд Бельгердің «Берқайыр-ау, маған жиі келіп тұрсаңшы. Менің сенен басқа жақын немісім жоқ қой» деген сөзі еріксіз еске түседі.

БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ

ҚАРТТАРЫМ, АСЫЛ ҚАЗЫНАМ!

«Дария кеуде, тау мүсін, қарттарым, аман-сауымысың?». Иә, ақын жүрегі ақындықты ерттеп міне алмаған, бірақ ақындықты құрметтей алатын қарапайым адамдардың сүйіспеншілік сезімін дәл бере алған. Автордың сөз иірімін дәл тауып, тиісті орында қолдана білген тапқырлығына, суреткерлігіне бас иесің, еріксіз.



Марафоншы Ұлан Хасенов.

Уақыт мырза өз дегенін істеп, бізді Халықаралық қарттар күніне де жеткізді. Қарттардың әлеуметтік орнын қарапайым түйіндесе, қазақ пәлсафасына сүйеніп, «Қарттары бар ел – қазыналы ел» демекпіз. Олар заманына лайық еңбек ете жүріп, қателесе жүріп, түзете жүріп, тыңнан жол тауып, бейбіт өмірді мақсат ете отырып, Қазақстан халқын бүгінгі күнге жеткізді. Сонысымен бүгінгі ұрпақ алдында құрметті.

Қарттарымыздың жеке өміріне зер сала қарасақ, сонау ХХ ғасырдың 20, 30, 40-жылдарында дүниеге келген, келбеті мен әрекетіне қарасақ белсенді, өмірге құштар жандар. Қарттар күніне орай сөз еткелі отырған осындай азамат қариялардың бірі Жетісу облысының, Ақсу ауданы, Ақсу ауылының байырғы тұрғыны. Соңғы ширек ғасырға жуық өмірінде Алматы қаласы, Бостандық ауданында тұрып жатқан, 83 жасқа аяқ басқан қария Ұлан Хасенұлы Хасенов. Өмірге келіп үш ауыз сөздің басын енді қосып, апыл-тапыл басып жүрген ұлына армандағы тілегін айта-айта, әкесі Хасен соғысқа аттанып жүре берді. Тағдыр асқар тау әкесіне соғыстан аман оралуды жазбапты.

Асыл жүректі еңбекқор анасы Мінуардың тәрбиесі мен қамқорлығында ержетіп, мектеп бітіріп, Алматы дене шынықтыру институтында оқып, туған жерінде еңбекке араласады. Ұлан Хасенұлы замандастары соғыс алдында туған соғыс жылдарындағы

ұстаздарының жас Ұланның бойындағы ұмтылысын, құлшынысын байқап, үйірмелер арқылы қосымша білім беруі, яғни волейбол, баскетбол, күрес әліппесін бойына дарыта білулері де өз жемісін берді деп ойлаймыз.

Тегі, мемлекетіміздің бүгінгі таңда ұстап отырған білім, тәрбие негізі де осы, тегін үйірмелер жүйесін дамыта отырып балалардың бос уақытын тиімді пайдалануға назар аударуы уақытқа сай маңызды болып отыр. Үйдегі тәрбие фундаменті, балабақша, мектептегі дамыту әдісі, қосымша білім жүйесі бала қалыптасуының негізгі жүйесі екені баршаға аян.

Туған ауылында Алтынсарин, кейін Мамания орта мектебі аталған мектепте ұстаздық еткен ол, ұзақ та тұрақты жемісті еңбегінің нәтижесінде «Қазақстан білім беру ісінің үздігі» деген атаққа ие болды. Волейболдан КСРО спорт шеберлігіне үміткер дәрежесін алды. Ол ойнаған Ақсу ауданының волейболшылар командасы 1960–1970 жылдары Алматы (кейін Талдықорған деп өзгерген) облысының 11 дүркін жеңімпазы болды.

Кейін зейнеткерлікке шыққаннан кейін, Алматыға бала-шағасының қасына көшіп келіп, зайыбы екеуі немере тәрбиесіне араласып, еңбек ете жүріп, ақсулық жерлестері Мәсімов Мырзахан, Байболов Қалимолда, Жакыпбеков Болат, Оспанов Асқар сияқты жерлестерімен бірге волейбол, баскетбол тобын жинап жаттығуда. Осы жолдар авторы да соңғы екі жыл осы топ құрамында жаттығып, қаланың қоғамдық жұмысына араласып жүр. Волейбол командасының мүшелері Бостандық ауданының тұрғындарынан құралған.

Белсенді өмір сүруді мақсат еткен осы топтың негізгі ақылшысы, ұйытқысы өмірінің 83-ші жылына аяқ басқан Ұлан Хасенұлы соңғы жылдары 8 жыл қатарынан Алматы қаласында өтіп отырған 10 км марафоншылар жарысына қатыса жүріп, үнемі бас жүлдеге ие болып келеді. Өмірі мен еңбек жолы замандастарына, жас ұрпақтарға үлгі болып жүрген Ұлан Хасенұлы бүгін әлі де тың. Өзі

сүйген волейбол, баскетбол және жүгіру спорты өмір дағдысына айналған. Бүгінгі ұрпақ ондай қарияларымыздың қаламызда көп екенін білсе екен, жан-жақты сабақ алса екен, дені сау Отан қорғаушы болып, ел бақыты үшін күресе білсе екен деген тілектен туып отыр. Жас ұрпақ өкілдері А.Некрасов айтқандай, «Ақын болмаса да, азамат болуларың» екенін түсініп, жеке өмірлеріне үлкен мақсат қойып, өздері үшін есеп беріп отырғаны абзал. «Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ, қараймын елесіңе мен таңырқап» деп Қасым ақын да жырлап өтіп еді. «Мен жастарға сенемін» деп Мағжан да ұрандап өтті өмірден. «Үлкен адам болу үшін үлкен арман болу керек» деген екен ақын ағамыз Мұхтар Шаханов.

Реті келгенде өз естеліктерінде Ұлан Хасенұлы өзінің ұстаздары Ритте Виктор, Жұмабек Қуанышбаев, Саят Қалдығұлов, Қуантай Барманбеков Жаркент туралы жылылықпен, қанағаттанған сезіммен, мақтанышпен деп те айтуға болады, еске жиі алып отырады. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген осы да.

Қоғамдағы орнын білген, өзінің кім екенін білген, яғни шектен шықпай қарапайым бола білген пендені Тұлға десе болады дей келе, Ұлан Хасенұлы меніңше қоғам жүктеген міндетті атқара отырып, үлкен-кішіге үлгі бола білген тұғырлы азамат-аға екенін айтқым келеді.

«Баспасөз – халықтың өзін-өзі көретін айнасы» деген екен Карл Маркс. Баспасөз бетінде адамның қалыптасуына сеп болып, ойына ой қосатындай, салмақты, тамаша материалдар жарияланады. Ақын Өміре Әрінің «Жетісудың» бетінде жазғаны бар: «Орыстілді оқырмандарды аяймын, олар қазақ баспасөз беттеріндегі жарияланымдарды оқи алмайды». Сондықтан қазақы оқырмандарда үлкен мүмкіндік бар. Тиімді пайдаланса, құт болары анық.

Қ.ЕРМЕКОВ,

Алматы қаласы Бостандық ауданы Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

АЛМАТЫ – СПОРТ ОРТАЛЫҒЫ

Мегаполис Олимпиада ойындарын қабылдауға дайын ба?

Алматы – Қазақстанның ең ірі және көрікті қалаларының бірі ғана емес, елдегі спорттық өмірдің орталығы да болып табылады. Жергілікті спорттың дамуына, қала тұрғындарының денсаулығын жақсартуға және елдің халықаралық спорттағы беделін арттыруға зор үлес қосқан Алматы қаласының спорттық бағыты көп қырлы. Тау бөктеріндегі әсем табиғаты, спорттық инфрақұрылымның даму деңгейі және спортқа қолайлы климат Алматыны «спорттық қала» деп атауға лайық етеді.

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Қолжетімділік пен сапа

Алматы спорттық нысандар мен жарыстар өткізу тәжірибесіне бай. 2011 жылы қаламызда VII Қысқы Азия ойындары өтті, бұл қала инфрақұрылымын халықаралық стандарттарға сай келтіруге түрткі болды. 2017 жылы Алматыда Қысқы Универсиада ұйымдастырылды. Бұл жарыс қаланың халықаралық спорттағы беделін арттыруға мүмкіндік берді.

Алматы Олимпиада ойындарын қабылдауға бірнеше рет үміткер болды және бұл жолдағы жұмыстар қаланы спорттық қала ретінде одан әрі нығайтты. Жаңа спорт кешендері, қонақүй инфрақұрылымы және көлік жүйесін жетілдіру арқылы Алматы Олимпиада талаптарына жақындай түсті.

Алматыда Олимпиада ойындарына қажет негізгі спорттық нысандардың кейбірі бар, оның ішінде: Медеу мұз айдыны, Шымбұлақ тау шаңғы курорты, Халық Арена және Алматы Арена спорт кешендері. Сондай-ақ, қаладағы жеңіл атлетика, ауыр атлетика, жүзу және басқа спорт түрлері бойынша халықаралық деңгейдегі нысандар жасақталған. Дегенмен, Олимпиада талаптарына толық сәйкес келу үшін қосымша жаңа нысандарды салу және кейбір қазіргі нысандарды жаңғырту қажет болады.


Көлік логистикасын дамыту маңызды

Олимпиада ойындарына мыңдаған спортшы, бапкерлер және туристер келеді, сондықтан қаланың қонақүй кешендері мен туристік инфрақұрылымын жетілдіру маңызды. Алматыда қонақүйлер саны өсіп келе жатса да, Олимпиадаға келетін ауқымды аудиторияны қабылдау үшін әлі де қосымша қонақүй нысандарын салу, сонымен қатар туристік қызмет көрсету сапасын жақсарту қажет болуы мүмкін.

Қаланың көлік инфрақұрылымын жақсарту Олимпиаданы ұйымдастыруда үлкен рөл атқарады. Алматының қазіргі көлік жүйесі тиімді жұмыс істегенімен, үлкен ауқымды шаралар кезінде кептелістер мен қозғалысқа кедергілер туындауы мүмкін. Бұл үшін қаланың көлік жүйесін жаңғыртып, қосымша жолдар мен қоғамдық көлікті дамыту, сонымен қатар әуежай мүмкіндіктерін арттыру қажет. Лондон Олимпиадасында қосымша қоғамдық көлік желілері жасалып, халықтың негізгі қозғалысын жеңілдетуге бағытталған шаралар енгізілді. Алматы да метро желісін кеңейту, жаңа автобус маршруттарын енгізу және веложолдар санын көбейту арқылы көлік тасымалын оңтайландыра алады.

Ашық алаңдарды көбейту қажет

Спорттық инфрақұрылымды жаңарту –



(Дереккөз: qaz.ulysmedia.kz).

Олимпиада және басқа да халықаралық жарыстарды өткізуге толық дайындық үшін спорт кешендері мен инфрақұрылымды жаңғырту керек. Сонымен қатар, қаланың барлық тұрғындары үшін қолжетімді ашық алаңдарды көбейту маңызды. Әуесқой спорт пен фитнес-орталықтарын дамыту – халықтың барлық жас санаты үшін қолжетімді спорттық орталықтар, фитнес-клубтар мен ашық спорт алаңдарын ашу қажет.

Жастар мен балалар спортын қолдау – балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларын кеңейту, мектеп спортын дамыту, спорттық жарыстар ұйымдастыру арқылы жас буынды спортқа баулу. Спорттық білім беру және дене тәрбиесі – Алматыда спорттық білім беру бағдарламаларын жетілдіру арқылы жас спортшыларды дайындау деңгейін арттыруға болады. Спорт мектептері мен академияларды қолдау жас дарындарды анықтап, болашақ чемпиондар тәрбиелеуге жол ашады.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытқан жөн

Олимпиада өткізу – қомақты қаржы салуды талап ететін шара. Қала мен елдің бюджеті Олимпиадаға дайындық жұмыстарын толық қаржыландыруға жетуі тиіс. Бұдан бөлек, мемлекет пен бизнес қауымдастықтың серіктестігі, демеушілік және халықаралық ұйымдардың қолдауын тарту маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік-жеке серіктестікті дамыту қажет. Бұл тәжірибені Токио мен Лондон қалалары қолданды, олардың ұйымдастырушылары инфрақұрылым құрылыстарына жеке инвесторлар мен демеушілерді тартты. Алматыда да халықаралық және жергілікті инвесторларды тарту арқылы қажетті нысандар мен инфрақұрылымды салуға болады.

Сонымен бірге, Олимпиада ойындарын өткізу қала экологиясына да әсер етуі мүмкін. Алматы экологиясын сақтау үшін құрылыс және ұйымдастыру процестерін экологиялық стандарттарға сай жүргізу қажет. Сонымен қатар, қала тұрғындарының күнделікті өміріне кедергі келтірмеу үшін логистикалық жоспарлау мен әлеуметтік мәселелерге ерекше назар аудару керек. Қала спортына қатысты экологиялық шешімдер қазіргі заманғы маңызды трендтердің бірі болып табылады. Ванкувер және Лондон секілді қалалар спорт нысандарында жасыл технологияларды қолдана отырып, қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтып, табиғатты қорғауға ерекше көңіл бөлді.

Алматы да экологиялық тазалықты сақтай отырып, жаңартылған энергия көздерін қолдану, қалдықтарды тиімді өңдеу және

«жасыл» инфрақұрылымды дамыту жолында жұмыстар атқара алады.

Шетелдік тәжірибе қандай?

Олимпиада ойындарын өткізу үшін Алматының дайындығын толық қамтамасыз ету мақсатында бірнеше қосымша шараларды жүзеге асыруға болады. Бұл бағытта шетелдік тәжірибені ескеру де маңызды, өйткені халықаралық тәжірибе Алматыға спорттық инфрақұрылымды дамыту, ұйымдастыру жұмыстарын жақсарту және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында пайдалы болады.

БАРСЕЛОНА: Барселона Олимпиадасы қала инфрақұрылымын жаңғыртып, кейіннен оны Еуропаның ең туристік қалаларының біріне айналдырды. Қаланы дамытуға арнайы бағдарламалар жасалып, спорттық нысандар мәдени орталықтарға айналды.

СЕУЛ: Сеул Олимпиадасы Оңтүстік Кореяның халықаралық беделі артып, туризм мен экономиканың дамуына серпін берді. Үкімет туристерді тарту және көлік жүйесін дамыту бойынша ауқымды жұмыстар атқарды.

ВАНКУВЕР (Канада): Ванкуверде өткен Қысқы Олимпиададан кейін экологиялық тұрғыдан таза нысандар қаланың мақтанышына айналды. Қала спорттық және қоғамдық нысандарды салуда жасыл стандарттарды енгізіп, оларды тұрақты дамуға бейімдеді.

ЛОНДОН: Лондон Олимпиадасы экологиялық тұрақтылықты сақтау принциптеріне негізделді. Қаланың көлік инфрақұрылымы жаңартылып, Олимпиададан кейін спорттық нысандар көпфункционалды орындарға айналды.

СИДНЕЙ (Австралия): Сидней Олимпиадасынан кейін спорт нысандары жергілікті тұрғындар мен мектептерге қолжетімді болды. Бұл тәжірибе халықтың дене тәрбиесімен айналысу деңгейін арттыруға септігін тигізді.

АМСТЕРДАМ (Нидерланды): қала тұрғындарының көпшілігі велосипедпен жүреді және велоспортқа ерекше мән береді. Амстердамда веложолдар кеңінен таралған және спорттық инфрақұрылым осы бағытта дамып келеді. Алматы да велосипед инфрақұрылымын жетілдіре отырып, қала тұрғындары үшін спортты күнделікті өмірге енгізе алады.

ТОКИО: Токио Олимпиадасында жаңа технологияларды кеңінен қолдану, әсіресе цифрлық және жасанды интеллект шешімдері қолданылды. Жапония қонақтарды қауіпсіздік пен ыңғайлылықпен қамтамасыз етіп, жоғары технологияларды күнделікті қолданысқа енгізуге назар аударды.

Осы тәжірибелерді ескере отырып, Алматы Олимпиада ойындарын ұйым-

дастыруға дайындық барысында экологиялық тұрақтылық, қаржылық тиімділік және қалалық инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөле алады.

Спорт туризмі және қала бренді

Спорттық туризмді дамыту Алматының халықаралық беделін арттырып, экономикалық тұрғыдан пайда әкелуі мүмкін. Туристерді тарту үшін қаланың спорттық брендині ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл бағытта Барселона үлгісі ерекше назар аударарлық: олар 1992 жылғы Олимпиададан кейін спорттық қаланың имиджін қалыптастырып, туризмді дамытуға үлкен мүмкіндік алды. Алматы да халықаралық жарыстарды қабылдай отырып, спорттық туризмді дамытатын түрлі бағдарламаларды іске асыра алады. Негізі, Алматы – спорт туризміне өте қолайлы қала. Шетелдік туристер арасында тау шаңғысы, альпинизм, велосипедпен жүру, жаяу туризм және басқа да спорт түрлері танымал. Алматының әсем табиғаты туристер үшін тамаша демалыс орны болып табылады. «Шымбұлақ» пен «Медеу» секілді орындар тек Қазақстандықтар арасында ғана емес, шетелдік қонақтардың да қызығушылығын оятады. Спорт туризмі қала экономикасына оң әсерін тигізеді. Халықаралық жарыстар мен туристік ағымдар қалада туризмді дамытуға, қонақүй қызметтерін арттыруға және жергілікті кәсіпкерлікке серпін береді.

Алматы тұрғындарының арасында әуесқой спорт түрлері белсенді дамуда. Қалада жаяу жүру, жүгіру және веложолдар саны артып келеді. Ашық аспан астындағы жаттығу алаңдары, футбол және баскетбол алаңдары халықтың спортпен шұғылдануына үлкен мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, жыл сайын қалада жаппай жүгіру марафондары, велошерулер және халықтық спорттық жарыстар өткізіледі. Бұл халықтың салауатты өмір салтын қолдауға, спортпен шұғылдануға деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді.

Спорттық қаланың болашағы жарқын

Алматы – Қазақстандағы спорттың ең дамыған қаласы. Қалада заманауи спорттық инфрақұрылым бар, халықтың спортқа деген қызығушылығы жоғары, ал халықаралық жарыстарға дайындық деңгейі артып келеді. Спортты дамыту арқылы Алматы өзінің халықаралық аренадағы беделін көтеріп, спорттық туризмді арттыра алады. Спорттық қаланың болашағы жарқын: спорт саласына көңіл бөлу тек қаланың ғана емес, жалпы елдің дамуына да серпін береді.

Өлгінде айтқанымыздай, Алматы қаласы Олимпиада ойындарын қабылдауға белгілі бір деңгейде дайын болғанымен, оны толығымен дайындау үшін қосымша жұмыстар қажет. Инфрақұрылымды дамыту, экологиялық мәселелерді реттеу, қаржы және ұйымдастыру мәселелеріне назар аудару – Олимпиада сияқты ауқымды шараны сәтті өткізу үшін қажетті шарттар. Егер осы бағыттар бойынша қала мен ел деңгейінде жұмыс жалғасатын болса, Алматының Олимпиада өткізуге толық мүмкіндік алуы әбден ықтимал.

P.S.: Шетелдік тәжірибені ескере отырып, Алматының спорттық қаласы ретінде дамуы үшін әртараптандырылған қаржыландыру, экологиялық және әлеуметтік жобалар, спорт туризмі және балалар спортына қолдау қажет. Алматы осындай шараларды жүзеге асырса, өзінің спорттық қалалық имиджін нығайтып қана қоймай, халықаралық аренада спорттың дамуына да үлкен үлес қосады. Бұл қадамдар Алматыны спортқа қолайлы, денсаулықты жақсартатын және халықтың белсенділігін арттыратын орталыққа айналдырады.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ӘЛЕУМЕТ

Соңғы екі жылда Қазақстандағы мектептердің 1–4-сынып оқушылары түтел тегін тамақтанып келеді. Осыған орай, мектеп оқушыларын тамақтандырудың жаңа стандарты әзірленіп отыр.

ОҚУШЫ ТАМАҒЫНЫҢ ЖАҢА СТАНДАРТЫ ӘЗІРЛЕНЕДІ

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың айтуынша, оқушы тамағы үшін мемлекеттен жыл сайын 175 миллиард теңгеден аса қаржы бөлінеді.

«Бүгінгі таңда келесі қадамды жасау – еліміздің барлық мектебі үшін балаларымыздың сапалы, теңдестірілген және қауіпсіз тамақтануының кепілі болатын жаңа стандартты әзірлеу маңызды», – деді ол.

Жақында Оқу-ағарту министрі мен Денсаулық министрі ЮНИСЕФ-тің қолдауымен мектептегі тамақтану мәселелерін талқылады. Бұған себеп Қазақстандағы мектеп тамағының кемшілігі жиі сөз болып, тағамның заманауи принциптерге сәйкес келмейтіні айтылып жүр. Мәселен, оқушы тұтынатын азық-түлікте қант, тұз, қаныққан май, өңделген тағамдар және жемістер, көкөністер мен сүт өнімдері көп көрінеді. Осының бәрін ретке келтіру аса маңызды болып тұр.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

БРИФИНГ

СТУДЕНТТЕР БІРЛІГІ НЫҒАЯДЫ

Almaty Students Week акциясы басталады

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті брифингте Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының жастарды әлеуметтендіру және жастар бастамаларын қолдау бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Бекқайыров және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттік омбудсмені Нұрбақыт Әлібек Almaty Students Week акциясының басталатынын хабарлады.

Нұрсұлтан Бекқайыров атап өткендей, Алматы – еліміздің ең ірі студенттік орталығы, онда 199 мыңнан астам студентті оқытатын 35 ЖОО орналасқан. Олардың 124 мыңнан астамы – өзге қалалардан келген жастар. Жыл сайын 17 қараша бүкіл әлемде 1946 жылы Дүниежүзілік студенттер конгресінде құрылған Халықаралық студенттер күні атап өтіледі. Осы күн қарсаңында, 11–17 қараша аралығында Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасы Almaty Students Week фестивалін өткізеді.

«Фестивальдің мақсаты – студенттер үшін белсенді және қолдаушы орта құру, талантты жастар мен болашақ пікір көшбасшыларын анықтау. Фестиваль сонымен қатар, университетаралық өзара іс-қимылды нығайтуға және әртүрлі факультеттер мен оқу орындарының студенттері арасында достық және іскерлік байланыстар құруға бағытталған. Білім мен идеялармен алмасуға арналған мұндай платформа кәсіпқойлардың жаңа буынын қалыптастыра отырып, бірлескен жобалар мен бастамалар үшін негіз бола алады», – деп атап өтті Нұрсұлтан Бекқайыров.

Almaty Students Week-тің негізгі аспектісі – студент-жастардың бірлігін насихаттау және патриоттық рухын биіктету. Фестиваль аясында 17 мыңнан астам жасты қамтитын 30 түрлі іс-шара өтеді.

«Almaty Students Week – бұл жай ғана мереке емес, қазіргі заманғы сын-қатерлерді шешуге дайын және елдің дамуына елеулі үлес қоса алатын неғұрлым белсенді және ұйымшыл студенттер қауымдастығын құру жолындағы маңызды қадам», – деп атап өтті Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттік омбудсмені Нұрбақыт Әлібек.

Нұр ЖАМАЛ.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Жалпы, жемқорлық сөзінің тарихына үңіліп қарасақ – жемқорлық, коррупция латын тілінен аударғанда «corruptio» – сатып алу, пара деген мағынаны білдіреді.

Жемқорлық – мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттер.

Жемқорлықтың жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзінің немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлік құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу. Жемқорлық жасалу түрлеріне қарап екіге бөлінеді: жекелеген лауазымды қызметкерлер жасаған қылмыстық іс-әрекет және бірнеше лауазымды қызметкерлер бірігіп жасаған қылмыстық іс-әрекет (қысқаша сыбайлас жемқорлық).

Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі кеңесте айтқанындай, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтардың бірі. Осы жұмыста ешқандай көзбояушылыққа, «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерге жол берілмеуге тиіс. Талап қатаң болады». «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет» деп атап көрсеткен.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоютын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Ақбота ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаментінің шарттарды тіркеу басқармасының бас маман-бас қазынашысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақпараттық ресурс орталығы» қоғамдық қоры сіздерді 2024 жылы «НаркоСТОП» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысының аяқталуына арналған қоғамдық тыңдауға қатысуға шақырады. Тыңдау 6 желтоқсан күні сағат 11.00-де ZOOM форматында өтеді. Сілтемені алу үшін +7 705 183 26 25 нөміріне тіркелуіңізді сұраймыз.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA

ЖҮСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ – 120

ДӘСТҮРЛІ ӘН БАЙҚАУЫ



Суретті түсірген Айгуль ҚОЛЖИМБЕТОВА.

Алматыда Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Жүсіпбек Елебековтың 120 жылдығына арналған II Республикалық колледжаралық дәстүрлі әншілер байқауы өтіп жатыр.

Досбол
АТАЖАН

кеңінен насихаттап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу екенін атап өтті.

– Жүсіпбек Елебеков атындағы байқау екінші рет өткізіліп жатыр. Ол – еліміздің тарихындағы бірегей тұлға. Байқауды өткізудегі мақсатымыз – дәстүрлі әнді жоғалтпай, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, оны жастарға жеткізу. Бұл кісілердің мұрасын қазіргі жастар біліп, әрі қарай жалғастырып кетулері керек. Сол кезде біздің еліміздің болашағы жарқын болады, – деді Жеңіс Сейдоллаұлы.

Байқау басталмай тұрып барлық қатысушылар мен іс-шара қонақтарына

Жүсіпбек Елебеков туралы «Бірегей» атты қысқаша деректі фильм көрсетілді. Сондай-ақ, екі күнге созылған байқау күндері ҚР халық әртісі Рамазан Стамғазы, ҚР мәдениет саласының үздігі Шолпан Даржан, ҚР мәдениет қайраткері Армат Исламғалиев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұржан Жанпейісов шеберлік дәрістерін өткізді. Екінші күні Республикалық колледжаралық дәстүрлі әншілер байқауы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде өтті.

Айта кеткен жөн, Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінің тарихы – XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастау алады. КСРО аумағында Мәскеу мен Киев эстрада студияларынан кейінгі үшінші, ал республика көлемінде алғашқы болып шаңырақ көтерген білім ордасының қалыптасып шындалуына, қазақ мәдениетінің айтулы тұлғалары, Қазақстанның халық әртістері: Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Кәукен Кенжетасов, Ыдырыс Ноғайбаев, Бақыт Қарабалина, Бекен Жылысбаев, Хабидолла Тастанов, Фатима Балғаева, Мағауия Хамзин, Зейнеп Қойшыбаева, Нұрғиса Тлендиев және т.б. өнер санлақтары зор үлес қосты.

1967 жылы Гүлжихан Ғалиеваның жетекшілігімен студияның алғашқы түлектерінен елімізде алғашқы «Гүлдер» эстрадалық жастар ансамблі, сондай-ақ, «Қазақ мемлекеттік циркі», «Мемлекеттік қуыршақ театры» құрылды. 1992 жылы студияға училище мәртебесі және «Қазақстанның халық артисі» Жүсіпбек Елебековтың есімі беріліп, 3 жылдық оқу мерзіміне көшірілді. Ал 1995 жылы оқу-білім ордасы қазіргі заман талабына сай колледж мәртебесіне ие болды.

ПРЕМЬЕРА



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚАЗАҚША МИСТИКАЛЫҚ КИНО КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

Алматыда отандық «Жезтырнақ» фильмінің алдын ала көрсетілімі өтті. Кинотуынды қазақ тілінде, орысша субтитрлармен көрсетілді.

Жезтырнақ – қазақ фольклорына негізделген фильм. Оқиға жезтырнақ әйелдер билеген жойқын күшке ие, жүйрік мифологиялық құбыжықтар жайлы. Фильм режиссері – «Таптым-ау сені», «Джохан» сынды елге танымал кинотуындылардың режиссері болған Анвар Матжанов. «Жезтырнақ» фильмінде басты рөлдерді Есентай Ниязбаев, Динара Мирасбек, Назгүл Карабалина, Сырым Кашкабаев сомдаған.

Фильмнің қысқаша мазмұны келесідей: Мирас – алматылық қарапайым жігіт. Оған Айна есімді сұлу әрі табысты қыз ғашық болады. Миранның таңдауына риза болған оның әке-шешесі Айнаның отбасымен құда болуды қалайды. Бірақ олар болашақ құдалардың керемет үйінде қандай сыр жатқанынан бейхабар.

– Күллі әлем халықтарында адам қанымен қоректенетін құбыжықтар жайлы көне аңыз-әңгімелер бар. Еуропада оларды вампирлер дейді. Славян фольклорында қанішерлер, Қытайда – цзянши, ал Қазақстанда жезтырнақтар бар. Олардың вампирлерден ерекшелігі – жезтырнақтары бар құбыжықтар күмістен қорықпайды. Керісінше, олардың киімі алтын мен күмістен жасалған бұйымдармен әшекейленген. Сондай-ақ, олар жарық күннен де тығылмайды. Тек вампирлер секілді кәдімгі адамдардан ұзағырақ өмір сүреді. Өздеріне жасалған жамандықты кешірмейтін жезтырнақтар өте кекшіл, – дейді фильм авторлары.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«АҚ ҚАР» АМАЛЫ

Төрт түлікке жайсыз желі мен қар-жаңбыры бар қауіпті «Қауыс» амалын бұрынғылар осылай деп те атаған

Қараша айы бой көрсеткелі бір мәрте қар жауды. Ол да алақанаттанып, бір жерге жауса, бір жерге түспеді. Айтарлықтай күн шуағы болмады. Оқта-текте ертелі-кеш соққан желді айтпасақ, апта жылы болды деуге толық негіз бар. Бірақ аптаның соңғы күндері ауаның райы бұзылды. Аспан бұлттанып, күннің көзі бұлыңғыр тартты. Жауын-шашын орын алды, таңертеңгілік жер бетін қырау жапты.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

не, осы кезде шаруаның қол жұмысы да көбейеді.

Табиғатпен етене араласып өмір кешкен бабаларымыз осы амал кезінде қыстаулық үйлерін бүтіндеп, жөндеуден өткізген. Қыстан аман-есен өте алады-ау деген қозы-лақ, құлын-бұзау, ботақандарды іріктеп қыстаулыққа апарып, қалған арық-тұрықтарды сататын болған. Басы артық малды қысқы жем-шөпке ортақ болмауы үшін сойып алған.

«Қауыс» амалының тағы бір атауы – ақ қар. Осы кезде жауған қардың ақ, жеңіл, жұмсақ болатындығына байланысты аталса керек. Ақ ұлпа қарда салқындық, аяз болмайды. Күн көзі жылт етсе болды еріп кетеді. Ауа райында елеулі өзгеріс орын алып, күн біртіндеп суытады. Күйі келіп,

мойны жуандаған, әбден жараған бұғылар «ұрпақ қамына кірісіп», үйірге түседі.

Амал кезінде қара суық көбірек көрініс береді. Күннің көзі жарқырап көрініп тұрғанымен жылуы өте әлсіз болады. Бұл шуақты күндер мүлде болмайды деген сөз емес. Арақидік аспан ашылып, күн нұры аз да болса, төгіліп тұруы ғажап емес. Бабалар болжамы осылай дейді.

Қазекі қараша айын Қауыс деп те атаған. Бұл шын мәнінде қауіпті амал. Аяқ астынан күн райы бұзылып, дауыл немесе жауын болуы ықтимал. Аспан денелерінің қазіргі қимыл-әрекетіне назар аударатын болсақ, алдағы апта (15–22 қараша аралығында) ауа райы күрт өзгеріп, аспан әлсін-әлсін бұлттанып, салқын жел, қар аралас жаңбыр бой көрсететін сынайлы. Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, қарашаның 15-і. Ай жүйесі бойынша, айдың 13-і. Ал қазақы есепке сүйенсек, қарашаның – 2-сі. Апта қараша айының басы мен ортасын қамтып тұр. Бұл күн райының салқындап, ертелі-кеш ызғырық болып, таңғы аяздың



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Бұлт пен ай қимылына қарап жасалынған жорамал:

- * Бұлт желге қарай көмсе, онда кешікпей қар жауады.
- * Бұлт ортасынан ыдыраса, ауаның райы бұзылады.
- * Бұлт шетінен ыдыраса, ауа райы түзеледі.
- * Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяздың белгісі.
- * Күн құлақтанып болса, ауа райы жылы болады.
- * Ай бұлыңғыр болса, жаңбыр жауатындығын, ашық болса, шуақты болатындығын білдіреді.

күшейетінін аңғартқандай. Жаңбыр, қар жиі көрініс беріп, қыраулы қыстың қыр астында тұрғанынан хабар бергендей. Аптаның соңында аяз сынатын сынайлы...

«Қауыс» амалының соңынан іле-шала «Үлкен қараша» амалы көрініс береді. Ол алдағы қыстың

хабаршысы. Амал кезінде шаруаның қол жұмысы онан сайын қыза түседі. Қыстаулық үйлерін бүтіндейді. Қыстан аман-есен өте алатын қозы, бұзауларды іріктеп, жарамсыз деп танылған арық-тұрық уақ мал мен тана-торпақтарды сатады.